

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Қ.Н. АШЕКЕЕВА**

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫ  
ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

**Ақтау, 2010**

УДК 1/14(075.8)

ББК 87.3 я 73

А 97

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған.

Ашекеева Қ.Н.

А 97 АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕ-ТАНЫМЫ: Оқу құралы/ Қ.Н. Ашекеева – Ақтау: Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010. – 51 бет.

ISBN 978-601-226-047-2

Бұл оқу құралында А.Байтұрсыновтың философиялық дүниетанымының қалыптасуының қайнар көздері және философиялық, саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен тарихи әлеуметтік орта сарапталады. Сонымен қатар А.Байтұрсыновтың философиялық көзқарастарының әдеби шығармаларындағы көріністері тұжырымдалады.

Басылым жоғары оқу орындарының студенттері мен жалпы қазақ философиясының тарихын зерттеушілерге және көпшілік оқырманға арналған.

УДК 1/14(075.8)

ББК 87.3 я 73

Пікір жазғандар: А.К. Ахметов – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

А.А. Демеуова – философия ғылымдарының кандидаты, доцент;

Л.Т. Джумалиева – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

ISBN 978-601-226-047-2

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ 2010ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына он сегіз жылдан астам уақыт өтіп, елімізде саяси-экономикалық, әлеуметтік жүйеде қайта жаңғыру үрдістері жүзеге асып, әлемдік жаһандану үрдісінің ықпалымен мемлекетіміз халықаралық деңгейдегі өркениетті мемлекеттің бірі болуға ұмтылуда. Қазақстан қоғамының демократизациялануға бағыт алуы, қол жеткізген демократиялық бостандықтар елдің саяси-экономикалық жағдайының тұрақтанып, нығайып, өркенденуіне үлкен жол ашты.

Халқымыздың рухани оянуы тәуелсіздігіміздің өміршең болу шартының бірі болып саналады. Елімізде жүргізілген экономикалық реформалармен қатар халықтың сана-сезімі де заман талабына сай өзгерді. Ұлттық философия осы үрдістің қозғаушы күші болып табылады. Философия қоғам жаңаруының басты бағытын теориялық тұрғыда талдап, саралайды.

Ұлттың алынбауға тиісті үш қамалы бар. Оның бірі – ұлттық ахуал, екіншісі – ұлттық тіл, үшіншісі – ұлттың өнері мен салт-дәстүрі. Ұлт өміріндегі осындай маңызды мәселелер жөнінде терең ойлар қозғап, соны пікірлер айтып, әлі де өзектілігін жоймаған тұжырымдамалары бар ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының мұралары халық руханиятының құндылығы десек қателеспейміз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: “Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттілігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн” –деп, орынды атап өткенін ескерсек, Алаш зиялы қауымының арманы тәуелсіз елімізде жүзеге асып жатқанын мойындауымыз керек. Өркениетке аяқ басқан елімізде уақыттың талабы да жоғары болуда, сондықтан халқымыздың қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазынасын зерттеу күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналуға. “Өзінің философиясы жоқ елдің тәуелсіз рухани мұрасы мен дамуы болмайды, әр уақытта басқа факторларға тәуелді болады” –деп, жазды қазақтың философ ғалымдары Ж.М.Әбділдин, М.С.Орынбеков. Біздің ғалымдарымыз қазақ философиясын дүниежүзілік мәдениет шеңберінде қарастырып, халқымыздың бай ауыз әдебиетін, философиясын, рухани құндылықтарын жоғары теориялық зерттеу дәрежесінде қарастыруда. Еліміз егемендік алғаннан бері бұл мәселелерге азаматтық позиция тұрғысынан баға беруге мүмкіндік туды.

Азаттық ой мен ел еркіндігіне жол салған дара тұлғаның бірі ұлы ағартушы, ғалым-лингвист, түркітанушы, қазақ зиялы қауымының абыройлы көсемі, “туған тілді түрлеуде” өлшеусіз еңбек сіңірген Ахмет Байтұрсынов болып табылады. Ол ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамының өмірінде жаңа бағытқа бет бұрған қайраткерлердің алдыңғы шебінде болып, қазақ мәдениеті мен қоғамдық ой-сананың дамуына орасан зор үлес қосты.

Жаңа өлең түрі – мысал арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И.А.Крылов туындыларын аударып, халыққа ұғымды идеяларымен қоса, жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді өзі қосып, халықты ынтымаққа шақырып, ғибрат алатын мысал философиясын ұтымды дамытады. Адамдардың мінезі, өмір ағысы, заманға байланысты көптеген оқиғаларды, әсіресе, патша отаршыларының зорлық-зомбылығын, халықтың мүшкіл жағдайын бірде ашық айтса, бірде астарлап жеткізеді.

Тіл – тек коммуникативтік құрал емес, ол – әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, мәдениеті. Қазақстан Республикасының “Тіл туралы” Заңында “Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің

болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты” – деп, атап көрсетілген болатын. Сондықтан Байтұрсыновтың тіл философиясына қатысты ойлары қазіргі жағдайда да өзекті болып есептеледі, себебі елімізде “Тіл туралы Заң” өз күшіне еніп, жүзеге асырылып жатқанда “Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз” –деген Байтұрсыновтың сөзі әлі күнге дейін Қазақстан жағдайында маңызын жоймағандығын мойындасақ, Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның қоғамдық-әлеуметтік істерін, дүниетанымындағы кейбір қайшылықтарды өз заманында дұрыс көрсетіп, ақиқатын айтқан адамның бірі – Сәкен Сейфуллин. “Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды” деген мақаласында Байтұрсыновты “Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атаман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен, халықтың намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған, патша заманында жалғыз Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды” –деп, сипаттауы да осыны дәлелдейді.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2003 жылғы халыққа жолдауында мына мақсаттарға ерекше назар аударылған: “мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасау” [5]. Осы жағынан алғанда біз жаһандануға қазақ тілі арқылы жетеміз деп пайымдасақ, Байтұрсынов шығармашылығындағы философиялық пайымдауларының маңызы зор деп түсінеміз. Осы орайда біз аталмыш жұмысында А.Байтұрсынов еңбектері бойынша біз философиялық көзқарасын жүйелеп, бір арнаға түсіруге талпыныс жасадық. Сонымен бірге А.Байтұрсыновты біз замандасымыз деп айта аламыз, себебі оның еңбегінде көтерілген мәселелер біздің бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелермен үндесіп жатады. Оның философиялық ой-толғамдары, дүниетанымдық тұжырым-дарының біздер үшін берері мол, әлі келер ұрпақ та одан тағлым алатыны сөзсіз. Осылай ұрпақ жалғастығы, дәстүр жалғастығы ұштасады. А.Байтұрсыновтың Алаш қозғалысының көрнекті өкілі бола отырып, жергілікті басқару жөнінде 8 мақала жазуының өзі бүгінгі заманмен үндесіп жатқанын көрсетеді. Ұлттық мемлекет тұрғысынан алғанда қазақ зиялылары осындай диалектикалық үрдісті шешудің бағыт-бағдарламаларын жасады.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі Қазақстан қоғамында жүйелік қайта құрулармен де айқындалады деп ойлаймыз, себебі, тоталитарлық жүйеден өркениетке бет бұрып жатқанда рухани құндылықтарымызды Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы бойынша ой елегінен өткізіп, талдау жасау философия тарихында үлкен орын алады деп есептейміз, сондықтан бұл тақырып бүгінгі таңда толығымен зерттеу нысанасы болып табылады.

Қазіргі кезде баспалардан кітап көп шығады, оған мемлекет те қыруар қаржы бөлуде. Бірақ олардың тең жартысынан астам пайызын халық оқымайды. Сондықтан қазіргі нарықтық экономика жағдайында философиялық, саяси ой-пікірлерді тиянақтап жүйелейтін еңбектер қажет деп есептейміз. Міне, осындай мәселелерді шешуде біздің ғылыми зерттеулеріміздің де үлесі тиеді деп ойлаймыз.

# 1. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

## 1.1 А. Байтұрсынов дүниетанымының қалыптасуы.

## 1.2 Оқу-ағарту ісінде А. Байтұрсынов дүниетанымы.

## 1.3 XX ғ. басындағы қоғамдық-саяси ой-пікірлер.

Дүниетаным сөзінің этимологиясы оның қоршаған шындықты теоретикалық деңгейде қарастыру екенін білдіреді, яғни, дүниетанымда когнитивті, танымдық бастама басымырақ. “Дүниетаным дегеніміз – әлемге деген көзқарастар жүйесін білдірсе, ол дүниелік қатынас – сол көзқарастар жүйесінің тарихи-әлеуметтік шындықта іске асуын, яғни әлемдегі адамның тіршілік ету әдісін көрсетеді. Яғни, “дүниелік қатынас” категориясы адамның әлемге деген қатынасының тек ішкі (ментальды) көрінісі емес, “гносис” емес, сонымен қатар практикалық көрінісі (праксис)”.

Ахмет Байтұрсыновтың дүниетанымының қалыптасып, өз дәуірінен озған ой тұжырымдарын жүйелеуге әсер еткен, біріншіден, оның өскен ортасы, алған тәрбиесі болды деп айтсақ қателеспейміз, себебі адам ортаға сай қалыптасса, кейін алған білімі арқылы жетіліп, білімін сеніміне айналдыра алса ғана белгілі бір нәтиже шығаратыны белгілі. Қазақ халқының мүшкіл халін, қараңғылығын ерте аңғарған А.Байтұрсынов қызметін мектептерде мұғалім болудан бастайды. “Құл халыққа адамшылық тұқымын шаштым” дегенді сол кездері жазған ол ағартушылықтан өз халқының мұқтажын іздеді. Өзін “адамшылық диқаншысымын” деп мақтанышпен айтты. Мұғалім бола жүріп, Мұхтар Әуезов айтқандай “бас қосқан жиында, жазысқан хатта, оңашада болған әңгімеде ел қамы, ел мұңы деген сөздер Байтұрсыновтың аузынан кетпейтін сөзі болған. Елшілдік ұранын салып, үгіттің ауданын кеңейтіп, ел ішінде арманды сөздерін жаза бастаған”. М.Әуезовтің А.Байтұрсынов жөніндегі осы пікірінен Байтұрсынов жүрген жерінде бос жүрмей, патша үкіметіне қарсы насихат жүргізіп, отаршылдық қанауында қалған қазақ халқының санасын ояту жолында аянбай күресетінін көрсетеді. Ахмет Байтұрсынов 1909 ж. 1 шілде күні Семей абақтысына алынып, сотсыз, үкімсіз 8 ай бойы азап пен қорлықты көріп, ширайды. Осы кездері бостандықты аңсаған, халықты күреске шақырған өлеңдер жазады. Өлеңдерінен, бір жағынан, елге деген сағыныш байқалса, екінші жағынан, дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен заман көрінісі, өзінің ауыр тағдыры байқалады. Оны “Анама хат” деген өлеңі дәлелдейді:

“Бара алмай өтірікші болып әбден,  
Семейдің түрмесінде отыр балаң.  
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,  
Өкімет – өр зорлыққа не бар шараң?!

“Үмітсіз шайтан болсын” деген сөз бар,  
Жолдар көп жәннетке де тарам-тарам.  
Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,  
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданып тамағыма, оны ұмытсам,  
Болғандай жегенімнің бәрі харам.  
Адамнан туып, адам ісін етпей,  
Ұялмай не бетіммен көрге барам?!

Өлең жолдарына қарағанда ақын оны 1909 ж. Семей түрмесінде отырғанда жазғаны байқалса, мұнда анасына деген сағынышымен қоса, сол уақыттағы тынысы, сенімі көрінеді.

Байтұрсыновқа 1910 ж. 21 ақпанда қазақ жерінде тұруға екі жылға тыйым салып, жер аударды, наурыз айында Орынбор қаласына келеді. Байтұрсыновтың дүниетанымына әсер еткен тағдыр тәлкегіне түсірген мұндай оқиғалардан басқа халық ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясы, Абай, Шоқан, Ыбырай еңбектері болып табылады. Ұлы Абай үлгісін қазақ әдебиетінде жалғастырған Байтұрсынов поэзиясынан заман мұңы, халықтың өмірі, ақынның дүниетанымы, терең философиялық ой толғамдары айқын көрінеді. Абай поэзиясы – Ахмет Байтұрсыновтың дүниетанымының қайнар көзінің бір арнасы. Оның өлеңдерінің Абай поэзиясымен үндестігі маңызды қоғамдық мәселелерді толғауынан көрінеді. Байтұрсыновтың “Жұртыма” деген өлеңіндегі халық тағдыры туралы толғаныстары Абайдың “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” өлеңіндегі пікірлермен сабақтас келеді. Ал “Жиған-терген”, “Жауға түскен жан сөзі” атты өлеңдері де ел жайын, халықтың келешегін ойлап тебіренуі, сыншылдығы жағынан Абаймен сарындас шығады. “Жиған-терген” өлеңінде:

“Берсеңдер, бер молдаға!

Өзіңді, бірақ алдама!

Ақшаға жұмақ жалдама!” –деп, халықтың молдаға сенгіштігін айтса, одан әрі:

“Бұ неткен жұрт ұйқышыл?!

Болсын кедей, болсын бай,

Жатыр бейқам, жым-жырт жай” –деп, күйінсе, халық тағдыры, мешеуліктен құтылып, прогресс жолына бет алудың қажеттігі туралы мәселені Байтұрсынов батыл қойып, жан ауыртатындай етіп айта білгені мына жолдардан көрінеді:

“Қазағым, елім,

Қайқайып белің,

Сынуға тұр, таянып.

Талауда малың,

Қамауда жаның.

Аш, көзіңді, оянып,

Қанған жоқ па әлі ұйқың,

Ұйықтайтын бар не сыйқың”.

Қазақ халқының өмір салты, этникалық болмысы ғасырлар бойы қалыптасса, оның генезисі, әлеуметтік, психологиялық мәселелерін Абай терең жырлаған. Философ С.Нұрмұратов атап өткендей, Абай көрсеткен “архетиптер” қазіргі ғылыми зерттеулер үшін үлкен маңызы бар құбылыстар әрі сол кезде қалыптасқан “ұжымдық бейсаналық элементтер” қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында да этникалық сананың кейбір қасиеттері болып отыр. Абай халқының болашағын ойлап, кейінгі ұрпаққа өз өлеңдері мен қара сөздері арқылы тәрбиелейтін, ғибрат тұтатын үлкен мұра қалдырды. Абайдың сол асыл мұрасын ұғынып, жүрегімен қабылдаған ұрпақтың бірі Ахмет Байтұрсынов еді. Абайдан сабақ ала отырып, жоғарыда аталған өлең арқылы Байтұрсынов қалың ұйқыда жатқан халқына жар салып, ой-санасын оятуға бар күш-қайратын жұмсап, одан үлкен үміт күтеді. Әсіресе бойды жайлаған жалқаулықты, етекпен тартып тұрған еріншектікті, адам бойындағы жағымсыз қылықтар мен қасиеттерді түбімен жоюдың басты құралы деп елді еңбек етуге, жаппай сауаттандыруға, мәдениеттілікке жетелеуге күш жұмсады. Қараңғылықтан шығудың жолдарын көрсетіп, әркімнің бойындағы

мінін, кемшілігін дер кезінде тайсалмай батыл айтып, қателігін басым көрсетіп, қалың жұртты жаман да кері әрекеттерден жирендіру үшін барлық сөз шұрайын қолданып бағады:

Бірлік қып іс етуге шорқар жұртым,  
Табылса оңай олжа ортақ жұртым!  
Сияқты қара қарға шуылдаған,

Үрейсіз, қоян жүрек қорқақ жұртым –деп, іс істеуге ынтасы жоқ, ынтымақтан айрылған, тек пайда десе, қайда? –деп тұратын, оңай олжаға қалай қол жеткізуді ойлап, бір-біріне қайырымы жоқ, өмірдің не екенін түсінбейтін, аңқау қарға қасиетіне бой ұрған қараңғы елге қайран қалып, су жүрек, қорқақ қоян сияқты өз көлеңкесінен өзі қорықпауын ескерте отырып, жөнсіз босқа шуылдамауға шақыра отырып, Байтұрсынов “Жұртыма” деген өлеңінде осындай ойларды айтып:

Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсындар,  
Қайтейін, өзге десе көнгішінді.  
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,  
Кім жүлмас оңайдағы жемісіңді?! –деп, аяқтайды.

“Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” –деп, жырлаған Абайдың ойымен үндесіп жатқаны осы жерде анық байқалады. Біздің ойымызша, Абайға ілесе Ахметше ой қозғау деген пікірді бекемдесек, Байтұрсыновтың дүниетанымына Абайдың әсерін толық дәлелдегеніміз. Енді осы пікірімізді одан әрі талдайық. Байтұрсыновтың “Жиған-терген” деген өлеңінің сөз саптауы Абайдың “Сегіз аяқ” өлеңімен ұқсас:

“Қарқылдар қарға,  
Шықылдар арба,  
Бой сүйсінер сазы жоқ.  
Шешенсіп жұртқа,

Мылжындар қыртпа,  
Ой исінер сөзі жоқ.  
Маған үлгі ол емес,

Ол түсерлік жол емес,” –деген жолдардағы “ой исінер сөзі жоқ” деген жаңа метафоралық қолданыстан тұнып тұрған философия байқалады деп ойлаймыз. Ойдың еміренуі, елжіреуі, адамның бойы сүйсінетін жердің болуы жақсыларға тән екенін пайымдайды.

Ал, “Н.Қ. ханымға” атты өлеңінде жігерлік, ақынның оптимистігі, өршілдігі байқалып, тағы да Абаймен үндестігі көрінеді:

Мен өлсем де – өлемін жөнімменен,  
Тәннен басқа немді алар өлімменен.  
Өлген күні апарып тығары – көр,  
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.

Демек, тән өлімі – жан өлімі емес. Рухани өлім асқар тұлғалы азаматтан аулақ болады. “Н.Г.Потанинге” атты өлеңіндегі

Ұл туып ұлы жолда қызмет етсе,

Онан зор ұлтқа бар ма ырыс деген?! –деген жолдар күрескер ақынның азаматтық дүниетанымын көрсетеді. Халықты ояту, оның сана-сезіміне, жүрегіне әсер ету

жолдарын іздегенде Ахмет Байтұрсынов Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдаланып, аударма жасау дәстүріне де тоқтайды. Бұл үлгілер де оның дүниетанымының қайнар көзіне айналды деп есептейміз. Ертегілер мен хикаялар емес, енді жаңа өлеңдік форма – мысал арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов (1768-1844) еңбектерін аударып, “Қырық мысал” деген атпен 1909 ж. Петербургте бастырып шығарды. Мысалдардағы ұғымды идеяларды, қазақ тұрмысына жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді Ахмет Байтұрсынов халықтың төл дүниесіне айналдырады. Крыловтан аударған “Аққу, шортан һәм шаян” мысалында:

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.  
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,

Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін –деп, ауызбірліктің жоқтығынан осындай берекесіздікке тап болатын өлең шумақтарын Байтұрсынов мүдірмей аударса, соңында жаңа ойды, толғаулы сөзді өз жанынан қосып былай дейді:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек болса жолдас.  
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас –деп, елді береке-бірлікке, ынтымаққа шақырады.

Жалпы А.Байтұрсыновтың “Қырық мысал”, “Маса” атты екі жинағында жаңа идеялар, ойлар көп. Абайдың ақындық дәстүрін ілгері жалғастырып, заман талабына сай жаңа туындылар дүниеге келді. Қазақтың ұлы философ ақыны Абайдың өз көзқарасы, дүниетанымы Шығыстың да, Батыстың да мәдени үлгілері негізінде қалыптасқан болатын. Иманды-лықтың өзін Абай әр адамның ішкі жан дүниесінің тазалығымен байланыстырған әрі ислам ділін насихаттаудағы дүмшелікті сынға алады. Абай – қазақтың ұлттық ділін терең түсінген ойшыл және адам бойындағы асыл қасиеттердің ашылу керек екендігін үнемі ескертіп, қазақ жастарын білімге, ғылымға шақырған. Философ ғалым Ғарифолла Есім Абайдың даналық дүниетанымын саралап, ғибратты ой түйіндеріне герменевтикалық тәсілді қолданып, Абайдың философиялық тұжырымдарын нақты ұғымдар түрінде қарастырып, Анахарсистен Абайға дейінгі халқымыздың мәдениетінің тарихи кеңістігіне талдау жасай отырып, адамға жақсылық әкелетін дін қайда деген мәселеде Абай дінге реформа жасау жағында болған, себебі Абайдың өзі ақыл тоқтататын данышпан, ерекше, өзгеше болудан сақтандырады, өйткені ол мақтанға бастап, күншілдік туғызады дей отырып, еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады деп түйіндегенін ұтымды сипаттаған.

Абай мұрасынан үйрену ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. “Өлмейтұғын артына сөз қалдырған” деп өз төрелігін өзі айтқан ұлы Абай Байтұрсыновтың кезінде де, одан кейінгі ұрпақпен де, біздермен де замандас, сондықтан Абай мұрасын парасатты оймен, зерделі санамен оқу қасиетті парыз екенін Байтұрсынов жақсы түсінген. Оны жоғарыда айтқан Абаймен сарындас, мұндас өлеңдері, аудармалары дәлелдейді. Әсіресе, Крыловтан аударғандарына біз төменде талдау жасаймыз. Абайдың дүниетанымында Адамның құдайға құлшылығы емес, Алланың адамға берген хикметі негізге алынған. Адам болса Алла хикметін сезіну керек, бұл оны құдайға құлшылығынан босатады.



Алла хикметі – ғаділет пен махаббат, онсыз өмір жоқ, сондықтан бұл сезімдер толық болса, ол – ғалым, ғақыл.

Абай өмір бойы қара бұқара халықтың қамын ойлап, солардың мүддесі үшін күресті. Абайдың философиялық қағидаларын зерттеген ғалымдар азын-аулақ, кейбіреулері Абай философиясының мәнін ашу жолындағы мақсатқа жетпеген. Абайдың философиясын түсіну үшін көрініс тапқан тарихи дәуір мен нақты тұрмыстық жағдайды білу қажет, әйтпесе, ол ғылым болмайды. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында өмір сүрген Абайдың дәуірі Қазақстанның Россияға қосылуының аяқталып, әлеуметтік бостандық туралы ойлауға тыйым салынған қазақ халқының тағдырындағы өтпелі кезең еді. Абай орыстың прогрессивті күштерімен бірлесуді дұрыс жол деп санап, өзі де орыстың революционер демократтарымен араласты. Сол дәуірдегі қайрат-керлердің көбі шіркеуді жеңу үшін көптеген әлеуметтік топтардың мүддесімен санасты. Бұл бағытта ХҮІІІ ғ. француз ағартушыларынан Мелье, Вольтер, неміс философы Л.Фейербах болды. XIX ғ. екінші жартысында Қазақстанның қоғамдық өмірінде ХҮІІІ ғ. Европада болған үрдістер жүзеге асты. Ал Россияда бұл үрдістер ХҮІІІ ғ. аяғы – XIX ғ. басында болған. Олар діни сананың дағдарысымен байланысты еді. Өмір жаңа тәсілді, жаңа түсінікті талап етті. Сондықтан Абай сияқты прогрессивті қайраткерлер болып жатқан өзгерістерге, өткен күнге сын көзбен қарауды талап етті.

А.Байтұрсыновтың Абай туралы “Қазақтың бас ақыны” деген мақала жазуы Абайды жай ғана оқымай, жүрегімен сезініп, ой елегінен өткізіп ғибрат алғанын дәлелдесе керек. Кей жерлерде Абайды білмейтіндерге таң қалғанын жасырмайды, ал өзі “1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады” –деп, әділ бағасын береді.

Бүгінгі герменевтикалық тәжірибе жаңаша талдаудың мүмкіндігін туғызып отыр. Абайдың философиялық идеяларын ағартушылық және экзистенциялық батыс дәстүрі аясынан тыс бір тәсілі – қазақтың дәстүрлі мәдениеті аумағында түсіну. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің өкілі ретінде Абай Мартин Хайдегермен еркін араласады. Бұдан тұтастық, адам мен табиғат бірлігі, кеңістік пен уақыт экзистенциалдығын айқындап тұрғанын байқаймыз. Хайдегер осы күнге дейінгі әлем мен адамның, адам мен басқа адамның о бастан келе жатқан дербестігі жайлы қағидасына негізделген бұрынғы мәдениет онтологиясын сынайды. Ол жеке тұлғалық мәнге ие түсініктер беріп, әлем мен адамның, адам мен басқа адамның бастапқы біртұтастығына негізделген жаңа онтология жобасын ұсынады.

Абай адам табиғатын этикалық тұрғыда қарап, оның кісілік қалпын, ұжданын алға тартады. Сол арқылы ол неден қашық, неге асық болуға үндейді, жақсылық пен жамандықтың, надандық пен имансыз адамның шынайы мәнін ашады. Абайдың негізгі ұстайтын этикалық принципі – "Адам бол" деген сөздермен кірігіп келетін кісілікке, адамгершілікке, имандылыққа жетелеу. Осы арқылы ол адамның қоғамдық өмірдегі

басты ролі мен орнын анықтайды, ондағы сыншыл ақылды жоғары бағалайды. Адамның тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде өскен ортаның, тәрбиенің роліне үлкен мән бере отырып, әркімнің өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыру керектігіне ерекше мән береді. Сонымен бірге Абай адамгершілік идеясын өмір бойы ту қылып көтеріп, адамның шыққан тегі, атқарып жүрген қызметі, атақ-данқы мен дәулетіне қарай емес, оның жан дүниесіне, өз еліне, халқына көрсетер қызметіне қарай құрметтеуге үндейді. Абай азамат үшін үлкен бақыт – халықтың қайғысы мен ауыртпалығын иығына көтеріп, оған шама келгенше мол пайда келтіру деп біледі. Міне, Абайдың осы философиялық-этикалық тұжырымдамасының, жалпы дүниетаным жүйесінің негізгі мәні осы. Ал бұл тұжырымдамаларды Байтұрсынов үлкен шеберлігімен, білімділігімен дамыта білді.

Крыловтың орыс әдебиетіндегі ұлы тұлғалардың бірі екені, орыстың ұлттық мысал жанрын қалыптастырып, сол арқылы орыс халқының ұлттық мінез-құлқын, ұлттық рухын жеткізе алғаны әлемге аян бола тұра оны ешкім революционер демегені белгілі. Қай халықта болмасын мысал жанры ғасырлар бойы жинақталған даналығын танытатындығы, ондағы жасырын астар, жымысқы тұспал, әжуа-мысқыл, ойнақы күлкі сол халықтың табиғи ерекшелігін білдірумен қатар, солардың бәріне бірдей ортақ белгі – оның айнымас бұқарашылдығы, қарапайым халық пейілімен үндестігімен ерекшеленеді. Крылов мысалдарындағы бұқарашылдықты Ахмет Байтұрсынов төңкерісшілдік идея дәрежесіне жеткізсе, бұл М.Әуезов “Қырық мысалды” “қалың қазақ жұртының алғашқы естіген, төңкеріс рухындағы сөзі” –деп, берген бағасының өте лайықты екенін көрсетеді. Мысалдың арқауы – хикая, мәні – көздейтін нысанасы, ал қолданатын қаруы – ажуа мен мысқыл. Крылов өзінің суреткерлік түйсігімен мысалдың эстетикалық заңдарын Крылов жақсы меңгергендіктен орыс мысалының атасы аталуы да сондықтан. Байтұрсынов мысалдың мазмұнын Крыловтан алады да, уытты қаруды өз халқының философиялық даналығынан, ана тілінің ішкі мүмкіндігінен іздестіреді және ол да Крыловша дөп басып айтады. Крыловтың стилі өз ортасына, өз оқушысының санасына бейімделсе, ал А.Байтұрсынов болса өз тыңдаушысының ұзын ырғалы хиссаға дағдыланған құлағына бейімдеп, әр хикаясын нақтылап, егжей-тегжейлі баяндайды. Байтұрсынов Крыловты аударғанда жалпы мазмұнын ұстайды да, оны қара өлеңге айналдырып, өз сөзімен баяндап береді, шығарманың негізгі өзегі өзгермесе де, көлемі өсіңкіреп отырады. “Қырық мысалдағы” аудармаларды Байтұрсынов түп-түгел қазақ ортасына алып келеді де, ғибраттық тұжырымдарын қазақ қауымының шындығына лайықтап, үкімін өз тарапынан айтады. “Шымшық пен көгершін” мысалын алатын болсақ, талтүсте торға түсіп қалған шымшықты табалап, ақмақсың деп тұрған көгершін әп-сәтте өзі де соның кебін киеді. Сонда бұл мысалдың тобықтай түйіні – “күлме досқа, келер басқа”. Осыны жеткізу үшін А.Байтұрсынов оқиғаны толықтыра баяндап, біраз талғап алады да, қорытындысында біреуді табалау дұрыс емес екенін айта кеп, кенеттен басқа ойға былай бұрып әкетеді:

“Жазмыштан озмыш болмас деген сөзді

Бекер деп пікір айту жарамайды” – десе, одан әрі:

“Алланың адам басы добы деген,

Қуса да қалай қарай домалайды” –деп, мүлде басқа қисынға апарды. Сөйтіп, Байтұрсынов айтайын деген ойын, идеясын тереңдете түседі.

Ал, “Малшы мен маса” аудармасында ұйықтап жатқан малшыны шағуға келе жатқан жыланнан құтқару үшін Сары маса оны өзі бұрын барып шағады да, оятып жібереді. Ұйқылы – ояу кісінің сермеген қолынан маса өледі, бірақ малшы жыланды жайғастырып, өзі аман қалады. Байтұрсынов осы мысалды аудару арқылы айтпақ болған ойын соңғы екі шумақтан тұратын ғибрат сөзі дәлелдейді:

Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,  
Жыланды пәле делік аңдып баққан.  
Пәленің түрін көрген мен – Сары маса,  
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

Ойлаймын осы сөз де жетеді деп,  
Қатты айтсам сөзім батып кетеді деп.  
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді  
Қорқамын Сары масадай етеді деп”.

Түп төркіні Крыловтан келген осы шағын мысалды бүкіл Байтұрсынов шығармашылығының жарқ еткен сәулесі деп пайымдауға болады. А.Байтұрсынов Крыловтан соң Пушкиннен, ол арқылы Вольтерден, Лермонтовтан, Надсоннан, Жадовскаядан бірсыпыра дүниелер аударған.

Білімге үйрету, білім беру Байтұрсыновтың үлкен бір арманы еді, себебі әлеуметтік өмірдің барлық түйінді мәселелері осы білімге, оқуға байланысты қай кезде болсын өшпес қазына. “Оқу жайы” деген мақаласында Байтұрсынов: “Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші ... Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жеткендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім” –деп, тұжырымдайды.

Ахмет Байтұрсынов ұстаздық ғылымы мен тәжірибесінде өз орнын алған, өйткені ол жәй ғана мектеп мұғалімі емес, ұлт ұстазы, себебі Байтұрсыновтың бүкіл ғұмыры мен еңбегі ұлт санасын тәрбиелеуге, ұлт жайын жаңғыртып, ширатуға, ілгері бастауға арналған.

Ахмет Байтұрсыновты қазақ халқының рухани көсемі етіп танытқан – оның халқымызды “іргелі жұрт қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы – ағартушылық идеясы болды. Оқу-ағарту идеясы – Байтұрсыновтың азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Ол туған халқының тағдырын жан дүниесімен беріле ойлады. Отардағы қазақ халқын “Оян, қазақ!” деп Міржақып Дулатов жар салса, “көгі жоқ, көгалы жоқ қырға адамдықтың тұқымын шашып”, “ұйықтап жатқан қазақты сары маса боп ызындап оятуға” Ахмет Байтұрсынов шықты. “Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға” Сұлтанмахмұт Торайғыров өз талантын төксе, өнер – білімнен құр қалып бара жатқан халқына “Ай, қап!” деп санын соғып өкінген Мұхамеджан Сералин баспасөз арқылы шықты. Демек, алдағы міндет Ахаңның тілімен айтқанда “надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты” сондықтан надандықтан арылу қажет болды.

Бұл оқу-ағарту ісінде Байтұрсынов дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен қазақтың ұлы педагогі, жазушысы – Ыбырай Алтынсарин. Ахмет Байтұрсыновтың алғашқы қадамы Ы.Алтынсарин ашқан оқу орнынан басталады. Сондықтан Байтұрсыновтың дүниетанымының қайнар көзінің бірі Ыбырай Алтынсариннің де тағлымы деп ойлаймыз. Байтұрсынов – оқу-ағарту саласындағы істерде Алтынсарин соқпағын жолға айналдырған, ғылымға түсірген, тәрбиедегі ұлттық рухтың үстемдігін мұрат тұтқан кісі. Алтынсаринге дейін Жайық, Торғай өңірінде де мектептер болған, бірақ біріншілік Алтынсаринге беріледі, себебі оған дейінгі мектептердің бәрінде қазақ әліппесі, төл оқулықтары болған емес.

Ы.Алтынсарин кирилше негізінде әліпби құрастырып, оқулықтар жазса, Байтұрсынов ұлттың мүддесінде Ресейден бөлініп тәуелсіздікке жетуін ойлай отырып, ұлттық әліпбиді араб таңбасына негіздеуді жөн көрген. Осы тұрғыдан бүкіл қазақ тіл ғылымының бастау көзін ашып, сөз таптары, сөйлем мүшелері, септеу, жалғау жұрнақтары, тыныс белгілері, жазу емшелері туралы, оқыту әдістемеліктеріне дейін түгендеп, қазақша атап түйіндеген. Алтынсарин соқпағы Байтұрсыновқа жол ашса, Байтұрсынов жеткен биіктік Алтынсаринді аласартпайды. Бұлар жалғасты, бірін-бірі толықтырушы тұлғалар. Байтұрсыновқа қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының атасы атағы қайтарылды.

Алаштың жетекшісі Әлихан Бөкейханов 1925 ж. Байтұрсыновқа жазған хатында: “Алтынсары баласы Ыбырай хақында өзің жазсаң болар еді. Ол сенің ағаң емес пе? Егер ол қазір өмір сүрсе, сендей болар еді, ал сен ертерек дүниеге келгенде оның ісін жасарың хақ” – деп, екеуінің бір-бірімен рухани жақындығын, мақсаттарының бір екенін айтып, үлкен сенім артса Алтынсарин мен Байтұрсыновта ұқсастық көп екенін Ы.Алтынсариннің: “Мектеп қазақтарға білім берудің басты құралы... Біздің барлық үмітіміз қазақ халқының келешегі осы, тек осы мектептерде” –деп, жазған, бұл ойын А.Байтұрсынұлы “Мектеп жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы” –деп, әрі қарай жалғастырып, іс жүзіне асырды. Байтұрсынов 1895 ж. педагогикалық училищені бітірісімен ұстаздық жолға түсті. Қалың ұйқыдағы қазақ халқын маса болып ызындап, санасына білім құю арқылы оятуды алдына мақсат етіп қойды. Байтұрсынов “Әдебиет танытқыш” (Ташкент, 1926) атты еңбегінде шығарма талдағанда Алтынсарин өлеңдері мен әңгімелерінен мысалдар келтіреді. Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларына лайықтап тұңғыш “Қазақ хрестоматиясын” (1879) құрастырса, бұл игі істі Байтұрсынов абыроймен жалғастырды. “Оқу құралы” (1 кітап, 1912), “Қазақша оқу жайынан” (1913), “Баяншы” (1920), “Сауат ашқыш” (1926), “Жалқылау, айырыңқы әдіс” (1927), “Қай әдіс жақсы” (1928), “Әліп-би” (1928) тағы да басқа оқу-әдістемелік құралдары соның айғағы. Әрі бұл кітаптар әлі күнге дейін құнын жоймаған. Байтұрсынов – Алтынсариннің “Қайырымды түлкі”, “Егіннің бастары” (И.Крыловтан) мысалдарын әрі қарай жалғастырушы. Халық оқып, түсінсін, ойлансын, оянсын деген мақсаттан туындаған. Байтұрсыновтың дүниетанымында ұлтжандылық қасиеттің басым екені көрінеді. Мәселен, ол Алтынсариннің “Қайырымды түлкісін” сол калпында ала отырып, оған өз жанынан:

Жеп қойды құстың жетім балапанын,  
Қорықпай-ақ обалынан түлкі залым.  
Қарасаң, ел ішінде аз ба адамдар  
Жеп жүрген обалсынбай жетім малын?

Пана боп өзің сақта, құдіретім,  
Кімде-кім балапандай қалса жетім.  
Жұмсақ тіл, көңілі қатты залымдардың  
Ете көр жетімдерден аулақ бетін –деген,

екі шумақ қосып, И.Крылов пен Алтынсариннің айтарын халық санасына құйып, анықтай, айқындай түскен. Ал “Қарға мен түлкі” мысалын Ы.Алтынсарин И.Крыловтан жеті шумақ етіп қазақшаласа, Байтұрсынов оны екі шумақ етіп ұлттық танымға лайықтап, қайта жазған.

Қарасақ, көп адамдар Түлкі боп жүр,  
Залымдық өтірікпен мүлкі боп жүр,  
Солардың сұмдығына түсінбеген –

Қарғадай жұртқа мазақ, күлкі боп жүр –деп талдаса, өз халқына “Алдаған залымдардың тіліне еріп. Жүрмесек жарар еді мазақ болып” –деп, ескерту жасайды. Демек, Байтұрсыновтың дүниетанымының қалыптасуына Алтынсариннің да ықпалы зор болған әрі Алтынсариннің іске асыра алмай кеткен көп ойларын А.Байтұрсынов одан әрі дамытып, жетілдірді.

Ахмет Байтұрсыновтың дүниетанымының қалыптасуына қазақ ауыз әдебиетінің де үлкен сабағы болғанын “Ер Сайын” мен “23 жоқтау” толық дәлелдейді. Эпостық жанр бойынша жазған “Ер Сайын” жырының философиялық дүниетанымдық мәні бар екені белгілі, себебі батырлық, лирикалық-тұрмыстық эпостарда философиялық ойлар кездесіп қалатыны белгілі. Эпостарда ойдан шығарылған дүниенің бәрі шындықты көрсетуге сенімді түрде бағытталған.

Дәстүрлі қазақ қоғамында халықтық жадының маңызды құрамдас бөлігі фольклор екені белгілі. Ғасырлар бойы жеке адам мен тұтас қоғамның дүниетанымы, құндылық ұстанымы мен адамгершілік нысандары халқымыздың фольклорынан нәр алып, сусындап келеді. Ауыз әдебиетінде халықтың қоршаған ортаны игеруінің, әлеуметтік қарым-қатынастарының, рухани ізденістерінің барысында тұрақтанған моральдық-әдептік қағидалары жинақталады. Байтұрсыновтың да білім қайнарының бірі, рухани нәр алған бастауы фольклор болды. Қазақ ауыз әдебиетінің материалдары да Байтұрсыновтың дүниетанымының қайнар көздері болды, әрі өзі де оларды реттеп, өңдеу ісімен айналысты. 1923 ж. Москвада Күншығыс баспасында шыққан “Ер Сайын” жыры кітабы Шоқанның досы, ғалым Г.Н. Потанинге тарту ретінде шығарылған, ал кітап соңында Радлов нұсқасының тараулары, Г. Потаниннің өмірбаяны берілген.

Жалпы “Ер Сайынды” Байтұрсынов 1915 ж. жазған, алайда белгілі себептермен жарық көрмей, 1923 ж. ғана шықты. Бұл кітаптың бірінші бетіне “Жыршылар айтуынан алып, өңдеп, өзгертуші Байтұрсынұлы Ахмет” –деген анықтама берген. В.В.Радлов бұл жырды ел аузынан жазып алып, 1870 ж. “Сайын батыр” деген атпен шығарады. “Ер Сайын” жыры туралы М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев жазса, С.Мұқанов 1939 ж. “Батырлар” атты эпостар жинағына енгізген. Әрине, көлемі жағынан Байтұрсыновтың нұсқасы қысқа, алайда көркемдігі жоғары. Қазақ ауыз әдебиетінің эпос жанрын Ахмет Байтұрсынов жақсы біліп, содан рухани нәр алғаны даусыз, әйтпесе мұндай жыр оның қаламынан тумас еді. Жырда баланың атын қоярда дағдарған жұрттың ортасына өзі жалшы, киімі де жұпыны қарт кісінің келбеті:

Жүз отыз бір жасаған,  
Азу тісі босаған.  
Ноғайлының жұртында,  
Онан үлкен кісі жоқ.  
Өзі жарлы болған соң,

Онымен жұрттың ісі жоқ, –деп, суреттелсе, жыршы болмаса да, билерге ықпалын тигізе алатын, салықалы ой айтатын адам ретінде көрінетінін мына жолдар дәлелдейді.

Бәрің таппай тұрасың,  
Беліндегі бес қару,  
Тал бойына жарасқан.  
Екі талай жерлерде,  
Ерлігі асқан алаштан  
Батыр Сайын болмас па?!

Байтұрсыновтың дүниетанымының қайнар көздері қазақ фольклоры екенін жырдың әр шумағы дәлелдейді, себебі бұл жырды А.Байтұрсынов өзі халық ауыз әдебиетінен нәр алып жазған деп пайымдаймыз. Қазақта балаға ат қоюдың өзінде үлкен философиялық мән бар әрі оны кез келген адам емес, ақылды, көкірегі ояу адам ат қойған. “Ер Сайын” жырында да Байтұрсынов осы дәстүрді ұмытпаған, сондықтан қазақтың сайын даласына мәшһүр болып, алаш жұртына ерлігімен қадірлі болады деген ниетпен дария кеуделі қарт атын қойған. Қазақтың философиялық даналығын, тарихын Байтұрсыновтың жақсы білгенін осы жыр дәлелдейді.

Ауыз әдебиетінің жоқтау түрлеріне де қалам тартып, тілдің философиялық мәніне маңыз беріп, “ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кететінін” ескертеді. Сөйтіп, болашақ ұрпаққа қаншама пайдалы пікір айтқан. Осы кітаптың беташары ретінде жазылған Шәңгерей Бөкеевтің “Сыршы” атты өлеңінде адамдар өмірге бір-бірін сыйлау үшін келген, сондықтан біз де жан-жағымызға нұр сәулемізді түсіруге талаптанып, алдымыздағы ағаны, артымыздағы ініні, қасымыздағы құрбыны сыйлайық, өйткені өмір бізге бір-ақ рет беріледі деген ой айтады. Қазақтың халық ауыз әдебиеті әдеби үрдістің заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік берді, сол арқылы тілдің, сөз өнерінің философиясына үлкен мән берді.

Байтұрсынов әр жанрды туған әдебиетімізден іздейді. Аристотель белгілеген негізгі үш тетікті (эпос, лирика, драма) грек тілінен түп-түгел қазақ тіліне ауыстырады. Лирикалық алғашқы үлгілерін қазақтың тұрмыс-салт жырларынан іздеп табады. Сонда, ең жеңілі, жоқтау-эпитафияға, мақтау – одаға, даттау – сатираға балама болады. Осындай тәртіппен Аристотельше “Драма” деп емес, Байтұрсынов “Айтыс-тартыс” деп алады, трагедияны Мерт яки әлекті тартыс, драманы- сергелдең, яки азапты тартыс, Комедияны – арамтер – әурешілік деп алады.

Шежіреге де Байтұрсынов көңіл бөліп, оны өткеннен дерек алатын сөз түріне жатқызып, онда уақиғадан гөрі өткендердің түс, туысы көп айтылады, сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе, оқиғаның тек болғанын айтады деп анықтама бере отырып, көбінесе хандардың түсін, елдердің туысын көрсетіп тізген Шәкәрімнің шежіресін мысалға келтіреді .

Осы кезеңде Шәкәрім Құдайбердиевтің (1853-1931) философиялық ілімі де дүниеге келген болатын. Ол ғылыми және философиялық шығармалар жазып, қазақ халқының рухын көтерді. Абайдың ағасы Құдайбердінің ұлы болғандықтан да болар, әрі екеуі де бір-бірімен рухани үндестік тапқан соң да болар Абай мен Шәкәрім өте жақын болған.

Жеті жасында әкесінен айырылған Шәкәрім Абайдың тәрбиесінде болып, ұлы Абай мектебінен өтіп, кейіннен лайықты шәкірті болды. Шәкәрім өзбетімен оқып жетілді. Пифагор, Демокрит, Эпикур сияқты антикалық классиктерден бастап, XIX-XX ғ. басындағы француз философтары Огюст Конт (1798-1857), ағылшын позитивісі Герберт Спенсер (1820-1903), пессимистік бағыттағы неміс идеалисі А.Шопенгауэр (1788-1860), т.б. еңбектерін жақсы білді. Абайдың қолдау көрсетуімен Шәкәрім Стамбул кітапханаларында, Меккеде қажылық сапарда болған. Орыстың ұлы жазушысы Лев Толстоймен хат жазысып тұрған. Шәкәрім философиясында негізгі орында адам, оның мәні, табиғаты болды. Бұл мәселені өзінің философиялық шығармасы “Үш анықта” сипаттайды. Шәкәрім алға ғаламдық дүниетанымдық мәселелерді қоя біліп, соны шешудің жолдарын іздейді.

Шәкәрімнің “Үш анығында” “жан қатты әсерленсе, денені қиыншылыққа түсіреді” – деп, жан мен тәннің бір-біріне әсерін айтады. Ал Байтұрсынов тәнді жан билейді деп дұрыс тұжырым жасаған. Әрине, А.Байтұрсынов Шәкәрім сияқты Батыс философтарының еңбектерімен таныс болды ма, жоқ па, оны біз нақты айта алмаймыз, бірақ Шәкәрім еңбектерімен таныс болғаны даусыз және философиядағы кейбір ұғымдар, құбылыстар туралы мағлұматы болғанын жоғарыдағыдай пайымдаулары толық баяндайды. Сондықтан Шәкәрім философиясы да А. Байтұрсыновтың дүниетанымының бір қайнар көзі болған деп ойлаймыз.

Сонымен қатар Байтұрсынов жер мәселесін, тіл, дін мәселесінен жоғары қойды. “Бұл күнде қазақтың һәм көшпелігі қай жағынан болса да көп: солардың арасында ең бірінші жер мәселесі. Біз бұл туралы мұнан бұрын жазған жоқ едік. Жазбағанда үміт күткендіктен яки керексіз деп білгендіктен емес, әркім жер деген сөзді жеңіл түсініп жүрген секілді” –деп, айта отырып, “қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі ия өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсінік жетпей қаталасып, қазақты теріс жолға салғанымыз – 5 миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз. Сондықтан бұл турасында қазаққа ақыл айтқанымыз, қазақты һәм басқаларды да қате ұқпастай етіп, анықтап, ашық сөйлескеніміз абзал” –деп, Байтұрсынов осы жер мәселесінің төнірегінде айтысты пікірлер қажет екенін жазады.

“Қазақ” газеті шыққанша Байтұрсынов өзінің осы төніректегі ойларын “Айқап” журналы арқылы жеткізіп отырды. “Тағы да жер жайынан” деген мақаласында қазақтың қайда барарын білмей дағдарып жүргенін, жер мәселесін шешу керектігінің шешімін таба алмай “қала боламыз” дегендерге “Қазірде аяулы жерді алып қалудың қолайлысы жалғыз-ақ сол жақсы жерге қала салу, бұл қала салу деген сөз қазақтың бәріне айтылған емес, егін салып, күн көрерлік жері бар қазақтарға айтылған сөз, мұны мақұлдамай тұғын адам аз шығар” –деп, әлі де ойлана түсуді өтінеді. ”Жерді қолда қатты ұстау, бос ұстау қазақтың өздерінен” деп жерден айырылып қалмау үшін бар мүмкіншіліктерді жібермеу қажетін айтқан болатын.

Қазақтардың қыстау жерін патша үкіметі алып мұжыққа бөліп беріп жатты. Жерінен айырылуға шақ қалған шаруа жанталаса отырықшылыққа көшіру жөнінде, яғни орыспен қатар 15 десятина жер бөліп беру жөнінде үкімет орындарына арыз жазады. Ал бұған жер мекемелері “жерлерің алуға кесіп жатқан жердің жанында болса, жер кесушілер сендерге де жер кесіп береді; жанында болмаса, сендер үшін арнап жер кесуші шықпайды. Жер кесетұғын, өлшейтұғын адамды өздерің жалдап апарып істетіңдер” –деп жауап берді. Байтұрсынов бұл жөнінде: “Солай болған соң мужикке кесетұғын жерге жері жақын қазақтар жерін кескізіп алып жатыр, жақын еместерінің

берген арыздары ойылып босқа жатыр” –деп, жер мекемесінің қызметкерлерінің жауапсыздықтарын ашып көрсетіп береді.

Байтұрсынов қазақтардың отырықшы боламын деп жазған арыздарын құптамайды: “Қазақ жерді патшалықтың сроқсіз арендаға алған есебінде жалдап алған жерлерген үй сал, қора сал, егін сал, мал жай ықтияр өзінде емес пе? Өз қолында тұрған жерген қала саламын деп өзгеден сұраудың не жөні барын ұқпаймын”. Қазақ шаруаларына жерді қалай пайдалану керектігін, не үшін жалдау қажеттігін түсіндіргісі келді. “Мұжыққа қарасақ – олар жерін мал жаюға жалдаса да, егін салуға жалдамайды?” –дей келе өзі былайша жауап береді: “Әуелі өз жерін сақтау үшін. Екінші мал жайылған жер тозған жер болса, жаңарады, жаңа жер болса семіреді”. Байтұрсынов қазақ шаруаларына жерді үкімет өз пайдасынан қандай жолмен алады, қалай алады соған түсінік берді. Зиялы қауым мен орыс мектептерінде оқығандар, қалалы жердің тұрғындары болмаса, көбіне қазақ шаруалары орыс тілін түсінбеді, білмеді. Аудармашылардың өздері көп ретте дұрыс аударма жасай алмайды. Сонымен қатар Байтұрсынов патша бұйрықтарын қазақшалап, олардың мән-жайын халыққа түсіндіруге тырысты және әкімшілік орындарында орыс тілін жетік білетін, түсінетін қазақ жұмыс істеу керек дейді. Жерінен айырылып “қыстайтұғын жаңа жерді общество бермей, отырарға орын таппай сандалып жүрген, орналасқан жерінен мұжық қуып шығарған” қазақтардың жағдайын біліп “осылардың бәрі де қазақтың жол білмеген нашарлығының кесапаты. Қазақ пайдасындағы жердің артығын алу турасында шыққан низам, бұйрықтарды ең әуелі білу керек” –дей, келе, жер алу турасындағы низамға түсініктеме беруге қадам жасайды. Сонымен бірге 9 маусымдағы заңның 12 пунктін түгел көшіріп, осы газетте жарияланған заң жобасын жер бөлу ісіне пайдалануын, түсінбегенін сұрауға шақырады. Байтұрсынов өзінің “Көшпелі һәм отырықшы норма” атты мақаласында переселен басқармасының бастығы Глинканың: “Қазақтың артық жерін алып жатырмыз – өздерінің тілегі бойынша. ...Қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру турасында Думаға закон жобасын кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі мынау: көшпелі қалпында жер беріп, орналастырсақ қазаққа жер көп тиеді. Оны Дума арқылы бекітіп, қазаққа берген соң, ала алмаймыз. ...Жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз дедік. Айтуымыз мұң екен қазақтар отырықшы нормамен жер бер деп жабыла сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік...” –деген сөздерді жаза отырып, Ресей үкіметінің бет-пердесін, қазақтарға істеп отырған айла-тәсілдерін ашып береді. Переселен шенеуніктерінің “отырықшы нормамен” қазақтарға не үшін шығарғандығын түсіндіре келе” переселен шенеуніктері – алушы, қазақтар беруші. Алушыға көп алғаны жағымды, берушіге аз бергені жағымды. Қазақ әуелден осыны ойлау керек еді... Берушіге бес көп, алушыға алты аз, жағымдысын ойлаңдар” –деп, үкімет әкімшілігінің алдауына түсіп қалмауын жазады.

“Жер сату қазаққа әдет болып кетті, “Ауру қалса да, әдет қалмайды” деген, сол жер сату әдетін жер мол болса да, жер тар болса да тастамайтын көрінеді” –деп, қазаққа жерін сатпай сақтау жөнінде кеңес айтады. Ал, “сиез жасайық, осы мәселелері сиезбен шешейік” деп ақыл тілегендерге “Жауап хат” деген өзінің мақаласында: “...сиез болатын, жұртқа керек нәрселер сөйленетін; Тілегіміз мынау деп тапсырылатын; Керегімізді айтып, тілегімізді сұрап жұмыс бітіріп келдік деп, еліне барып, орын табылды деп, шкафтын бұрышынан орын алып, олардың тілегі жататын” жағдайлар болса қажет емес, сонан соң оның шешімдерін орындау қажет. “Сиез керек жұмыс, пайдалы жұмыс. Бірақ сиездегі тілек шкаф бұрышында жатса пайда жоқ” деп,



сондықтан сиез өткізуге асықпай, оның мән-жәйін түсіндіріп, газет арқылы ақылдасу керек деп жазады.

Ахмет Байтұрсыновтың салиқалы ойлары мен философиялық дүниетанымына Қазақстандағы жер мәселесі, тіл мәселесі үлкен әсер етті. Себебі мемлекеттің тұтастығы, халықтың жағдайы Байтұрсынов сияқты ел қамын ойлаған зиялы қауымды қатты толғандырды. Алаштың жетекшісі Әлихан Бөкейханов үшін өмірінің соңына дейін ең негізгі мәселелердің бірі – жер мәселесі болды.

Қорыта айтқанда XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстандағы философияның бай тарихы бар десек, ол халықтық философиядан бастау алады. Абайдың “Қара сөздері”, Шәкәрімнің “Үш анығы”, Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” философиялық және әлеуметтік-саяси шығармалар болып табылады. Олардың әрқайсысының шығармалары философия тарихынан үлкен орын алуы қажет. Ұлттық мәдениеттің демократиялық элементінің дүниетанымдық негізін әдетте атеизм мен философиялық материализм құраған. Қазіргі кезде демократиялық қоғамды қалыптастыруға мүдделі болғандықтан, біз әр халықтың философиялық мәдениетін зерттеп, өзекті мәселелерді шешуде пайдалана білуіміз қажет.

XX ғ. басындағы қоғамдық-саяси ой-пікірлердің бәріне Байтұрсынов бақылау жасап, жүйелеп отырған. Олар ең алдымен “Зар-заман” атанған дәуір өкілдерінің ой-пікірлерін ілгері дамытты, себебі Байтұрсыновтың дүниетанымының қайнар көздері халқымыздың ауыз әдебиетінен бастап, Абай, Шәкәрім сынды ғұламалардың еңбектерін меңгеріп, мемлекеттік, ұлттық мәселелерге араласқаннан кейінгі қызметі үлкен әсер еткен.

Жалпы А.Байтұрсынов қазақ өмірінің барлық жағына араласып қана қоймай, сол қоғамның салауаттылығына да үлкен мән берген. Ол еліміздің дені сау, жанының мөлдір болуын, халықтың бір-бірін түсініп, адамдар бір-біріне қайырымдылық көрсетуіне көңіл бөлген үш мақаласының мәні зор. 1922 ж. Орынборда шыққан “Тәні сұлудың – жаны сұлу” атты мақаласында ел ішінің тазалығын сөз етіп, “тазалық – денсаулықтың басты кепілі” деген пікір айтып, бүкіл халықты тазалық үшін күреске шақырады. Сондықтан біз Ахаң халқымыздың өмір-салты, салт-дәстүрін, тарихы жөніндегі тірнектеп жинаған білімі, көзімен көрген бақылаулары да дүниетанымы мен көзқарасының қалыптасуына әсер етті деп тұжырымдаймыз.

Қорыта айтқанда Ахмет Байтұрсыновтың дүниетанымының қайнар көздерінің бастауы қазақ халқының дүниетанымын, менталитетін, сөздің мәнін бағалай білген халқымыздың философиялық даналығын терең біліп, игеруінен басталып, дала ойшылдарының еңбектерінен тағлым ала отырып дамыған деп пайымдаймыз. Сөйтіп тәуелсіздік пен егемендікті ту етіп, ұлттық идеяны іске асыруға тырысты.

### **Негізгі ұғымдар.**

Жаһандану, ұлттық философия, ұлттық тіл, коммуникативтік, дүниетаным, когнитивті, таным, этникалық болмыс, генезис, экзистенциалистік, адамгершілік.

### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары.**

1. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының мұралары.
2. Тіл – коммуникативтік құрал ретінде.
3. А. Байтұрсынов дүниетанымының қайнар көздері
4. Дүниетаным дегеніміз не?

5. Абай поэзиясы – А. Байтұрсыновтың дүниетанымының қайнар көзінің бір арнасы ретінде.
6. Халық руханиятының құндылығы.

### **Реферат тақырыптары.**

1. Ахмет Байтұрсынов дүниетанымының қалыптасуы.
2. Ахмет Байтұрсынов дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен заман көрінісі.
3. Ахмет Байтұрсынов дүниетанымының қайнар көзі.
4. Ахмет Байтұрсынов дүниетанымына Абайдың әсері.
5. Ахмет Байтұрсынов - орыс әдебиеті үлгілерін пайдаланып, аударма жасау дәстүрі.
6. Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының рухани көсемі.
7. Оқу-ағарту ісінде Байтұрсынов дүниетанымының қалыптасуы.
8. Ахмет Байтұрсынов дүниетанымының қайнар көздерінің бірі қазақ фольклоры.
9. Ахмет Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” философиялық және әлеуметтік-саяси шығарма.
10. Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси ой-пікірлері.

## **2. ЖАЗУШЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТКЕН ТАРИХИ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА**

### **2.1 XX ғ. алғашқы ширегінде шиеленіскен саяси-әлеуметтік жағдай.**

### **2.2 “Қазақ” газетінің редакторы А.Байтұрсынов және басқа интеллигенция өкілдері.**

### **2.3 Азамат соғысы жылдарындағы Алашорданың саясаты.**

XX ғ. алғашқы ширегінде қазақ еліндегі толғағы жеткен күрделі де келелі өмірлік мәселелер және шешімі табылмай шиеленісіп бара жатқан саяси-әлеуметтік жағдайлар қоғамдық ойдың қарқынды түрде дамуына түрткі болды. Осы кезде бір топ Алаш зиялы қауымы өз халқының бостандығы үшін білек сыбана күреске шықты. Олардың әрқайсысы қоғамдық ойдың дамуына үлес қосса, солардың ішінде Ахмет Байтұрсыновтың алатын орны ерекше десек, оны Байтұрсыновтың көптеген еңбегінің бірегей саласы болған философиялық, саяси-әлеуметтік көзқарастары дәлелдейді деп ойлаймыз.

Патша өкіметінің саясаты елдің берекесін қашырып, ұлттық болмыс пен бітім, елдік осы үш қайнарға негізделді. Оның біріншісі мемлекеттілік, белгілі бір территорияны мекендейтін, тілі мен ділі, салт-дәстүрі ұқсас халықтардың саяси ұйымдасуы болғандықтан мемлекетті халықтың саяси болмысы дейміз. Өз мемлекетінің болуы әр халықтың тарихындағы маңызды кезең. Гегель мемлекеттілікте субъективті рухтардың жалпылама еркі көрініс табады. Мемлекеттілігін сақтап, дамыта білген халық әлемдік тарихтың субъектісіне айналады, яғни мемлекеттілік ұлттық мақсат пен мүддені халықаралық деңгейде қорғаудың ең қуатты құралы болып табылады. Мемлекеттілік идеясы әр адамның жеке идеясына айналғанда ғана елдің босағасы берік шаңырағы биік болады. Сондықтан Россия отаршылары мемлекеттік жадыны қолдан келгенше халық санасынан ығыстырып бақты. Оны жүзеге асыруда қазақ халқының дәстүрлі билік түрлерін патша өкіметіне тиімді билік түрлерімен алмастырды.

XX ғ. алғашқы ширегінде шиеленіскен саяси-әлеуметтік жағдайда Ахмет Байтұрсынов күрделі тарихи оқиғалардың ішінде болып, халық игілігі үшін қызмет

етті. Россия министрлер кеңесінің төрағасы С.Ю.Виттенің атына жолданған петицияға Қарқаралыдағы митингіде 14,5 мың адам қол қойған. Бұл петицияны дайындауға Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев сынды ұлттық-либералдық қазақ зиялылары белсене ат салысқаны белгілі. Патшаның 1905 ж. қазанның 17-де жарияланған Манифесінде халыққа берген уәделердің орындалуы, ал қазақ өлкесі жағдайында жер мәселесінің әділ шешілуі, халықтың өшпенділігін тудырған патшаның жергілікті озбыр чиновниктерінің аластатылуы қазақ тілінде ұлттық басылымдар шығару т.б. талап етілген осы петиция бойынша А.Байтұрсыновтың еңбегін жоғары бағалаған М.Әуезов 1923 ж. “Ахаңның елу жылдық тойы” деген мақаласында былай деп жазды: “1905 ж. Қарқаралыда Ахаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хукіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петицияда аталған үлкен сөздер: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші – қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші – отаршылардан орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан, Ахаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған”.

Қазақ зиялыларының топтасуына түрткі болған саяси оқиға 1905-1907 жж. революция болды, алайда ол кезде ұлттық басылым болған жоқ, сондықтан орыс, татар тіліндегі басылымдарда ұлт зиялылары мақалаларын жариялап тұрды.

Қазақ баспасөз тарихы А.Байтұрсыновтың философиялық, саяси көзқарасына әсер еткені даусыз. 1907 жылы 27 наурызда Петербургте Шаһмардан Қосшығұлов пен Әбдрашид Ибрагимовтардың әрекеті нәтижесінде қазақ тіліндегі тұңғыш биресми “Серке” газетінің бір нөмірі шықты. Онда М.Дулатовтың “Жастарға” деген өлеңі мен “Біздің мақсатымыз” атты мақаласы жарияланды. А. Байтұрсынов ақпарат ісіне өзі де белсене араласқандықтан, газеттің маңызы туралы былай деген: “... газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады”.

Қазақтың маңызды екі баспасөзі 1911 ж. жарық көрді. 1911 ж. 11 қаңтарда Троицк қаласында Мұқаметжан Сералиннің басшылығымен “Айқап” журналы, ал 16 наурызда Бөкей Ордасында Шәңгерей Бөкеев пен Елеусіз Бурин басшылығымен “Қазақстан” газеті шықты. “Айқаптың” 1915 жылдың тамызына дейін шығып, 83 саны жарық көрсе, “Қазақстан” газеті 1913 ж. дейін басылып, 18 саны шыққан.

Осы кезде халықтың ішінде абыройға ие болып, мерзімді баспасөз арқылы халықтың көңілінен шығып, халыққа арнап сөз айтатын А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов бастаған қазақ зиялы қауымының тобы қалыптасып, 1913 ж. бастап “Қазақ” газеті шыға бастап, ұлттық-демократиялық бағытты уағыздады. Байтұрсыновтың саяси көзқарасына әсер еткен айтулы оқиға осы болды, себебі ақпарат құралдарын қазіргі кезде төртінші өкімет деп атайтынын ескерсек, А.Байтұрсынов өзі редактор болып, көптеген мақалаларын газет бетіне басып, халық қалаулысына айналды, өйткені, “Қазақ” газеті Қазақстан облыстарынан басқа, одан тыс Уфа, Ферғана, Қазан, Самарқан, Петербург, Москва, Томск, Түркия сияқты жерлерге тараған. “Қазақ” газеті 1913 ж. ақпаннан бастап, 1918 ж. наурызға дейін шығып, 265 саны жарық көрген. Газеттің негізгі мақсаты халықты ағарту, саясатқа деген ынтасын арттырып, ұлттық сана-сезімін ояту болғаны А.Байтұрсыновтың “Қазақ” газетінің № 1 санында жазған

халыққа арнау сөзінің соңында былай дейді: “Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың әруақты аты деп, газетіміздің есімін “Қазақ” деп қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десең дер, азаматтар тұра жолдың бірі осы”. Сөйтіп, Байтұрсынов ұлт бостандығы жолында осы газеттің атқаратын ісі зор екенін меңзеген. М.Әуезов бұл газеттің дер кезінде, яғни, қазақ зиялыларының патша саясатына қарсы күрес органы ретінде, қазақ қауымының саяси-рухани сұранысына жауап ретінде шыға бастағанын атап өткен болатын. “Қазақ” газетінде Қазақстанның қоғамдық-саяси, рухани өмірінің мәселелері жарияланып тұрды. Газет халықтың саяси, ұлттық сана-сезімін оятуда, саяси партия құруда көптеген жұмыстар істеді әрі халық газет арқылы ел ішіндегі жағдайды біліп отырды. “Қазақ” газеті “дүниеде болып жатқан істер, сөйлеп жатқан сөздер кімге пайдалы, кімге залалды екендігін күні-бұрын біліп, пайдалы болса, шаттанып, залалдысынан сақтанып тұрды” –деп, Байтұрсыновтың өзі атап өткен болатын. Газет бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде майдандағы жағдаймен елді таныстырып отырды. Соғыс мұқтажы үшін алым-салықтың көбеюі “Қазақ” газетінің төңірегіне жиналған ұлттық-демократиялық зиялы қауымды ойландырды, әрі 1916ж. патшаның июнь жарлығы да қазақ зиялыларының көзқарасы мен қандай позиция ұстау керектігі жөнінде шешімге келуді қиындатты. А.Байтұрсыновтың көзқарасына, дүниетанымына әсер еткен тарихи оқиға осы 1916 жыл деп есептейміз, себебі Байтұрсынов осы кезде дер кезінде сол оқиғаларға талдау жасап, өз ойын білдіріп отырған мақалалары мұны толық дәлелдейді. Осы кезде “Қазақ” газетінде шыққан мақалаларда патша үкіметінің жер мәселесіне байланысты жергілікті қоныс аудару мекемелерінің озбырлықтарын әшкереледі. Ахмет Байтұрсынов “Қазақ” газетінің 1913 ж. 29, 30 сандарында “Қазақ жерін алу туралы низам” атты мақаласында былай деп жазады: “Қазақ пайдасындағы жерлерді алады, қыстауларынан көшіріледі, қай жөнмен алып, қай орынға көшіреді - оны қазақ білмейді. Жоғары хакімдердің қазақ жері турасында шығарған низам, бұйрықтары болса да, ол бұйрықтарды мұндағылардың қайсылары орнына келтіріп, қайсылары орнына келтірмейді. “Қазақ жас ретін білмейді” –дейді де, біреулері жолменен істемей, жосып, бетімен кетеді. “Мынауың жолсыз ғой” –деп, қазақ дауласа алмайды. Білмейтұғын қазаққа бәрі жолды болып көрінеді. Сондай жолсыз істерден орынсыз жәбір көріп, әуре болып жүрген қазақтар көп. Шынында да, қазақтар өз құқын қорғап, низамда жазылған жобаларды нұсқаға алуды білмейтіндігін, өздерін басыңқы ұстайтынына қынжылады. Осы мақаласында одан әрі былай талдау жасаған: “Қыстау салған жерінен айрылып, қыстайтұғын жаңа жерді общества бермей, жер алып беріп орналастыруға міндетті мекемелер оған қабырғасы қайысып қайғырмай, екі жыл, үш жыл, төрт жыл пішен шаба алмай, егін сала алмай, отырарға орын таппай, сандалып жүрген қазақтарды көз көріп тұр. Қазақ жерін алу турасында шыққан низам, бұйрықтарды қазақ білсе, осындай жәбір көрушілер азаяр еді деймін”.

Байтұрсынов сол кезде патша өкіметінің шығарған бұйрықтарына, заңдарына үлкен мән беріп, халық соны түсініп отыр ма, жоқ па, осыған басты назар аударады. Сондықтан “Қазақ пайдасындағы жердің артығын алу турасында шыққан низам бұйрықтардың ең әуелі білуге керегі – 1909-шы жыл, 9-шы июньде Министрлердің Советі ұнатып шығарған насихат бұйрық. Бұл бұйрық қазақ жерінің артығын қарастырып шығаратын мекемелерге көрсеткен көшесі, жолы, бұл бойынша істеген істер жолды, мұнан тысқары істелген істер жолсыз болсын деп 9-шы июннің бұйрығы 12 пунктке бөлінеді” –деп, көрсете отырып, патша өкіметінің мақсаты қазақтың шұрайлы жерлерін алу екенін түсіндірген. Шынында да, осы мақсатпен Щербина

экспедициясы жабдыкталып, оның берген көрсеткіштері патша өкіметіне ұнамағаны мәлім, себебі құнарлы жерлер бос емес, қазақтар өзі отырғанын дәл көрсеткен, сондықтан В.Кузнецов басқарған экспедицияны қайта жіберіп, ол патша өкіметіне жағу үшін жалған мәліметтерді көптеп берген. Осындай тарихи жағдайларды жақсы біліп, дұрыс талдау жасаған Байтұрсынов “Жер жалдау жайынан” деген мақаласында: “Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы қазақта, екінші ұшы орыста. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айрылып қалып жатыр. Жерді қолында қатты ұстау, бос ұстау қазақтың өздерінен. Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар. Жерін алдыруға болмаса, алдырмасқа іс қылған қазақ жоқ. Әркім өз жерін ғана ойлайды, өз басының ғана қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеп іс қылып, жұрт пайдасы мен зарарына тіпті қарамайды” –деп, әділ көрсеткен болатын.

Жер мәселесіндегі әділетсіздікті шешу үшін, патшаның отарлау жүйесімен әлеуметтік өзгеріс жасауға мүмкіндік болмағандықтан ауылға земство енгізуді, осы бағытта реформа жүргізуді мақсат етті. 1913 жылы А.Байтұрсынов “Земство” деген мақаласында “Земствоның қолындағы істің бәрі де пайдалы болғандықтан жұрттың земство сұрап қақсайтыны Россияда земство законы шыққалы 50 жыл. 34 губернияда земство көптен бері бар”, –деп салыстыра отырып, земство қолындағы халық тіршілігіне керекті жұмыстарды атайды: “Әуелі земский ақшаның билігі земствода болады. Земство әр жылға жұртқа керек жұмысқа смета жасайды, оны раскладкамен халыққа бөліп, үлестіреді, жиылған ақшаны орын-орнынша халыққа керек жұмысқа жұмсайды. Орынсыз халықтан тиын алынбайды, алған тиын пайдасыз жоғалмайды”. Земствоның пайдасын осылай көрсете отырып, халыққа ақшаның қалай далаға кететінін оқу мәселесі бойынша былай түсіндіреді: “Қазақ баласы гимназияда оқиын десе, стипендия жоқ, реальный училищеге оқиын десе, стипендия жоқ, учительский школада земский стипендияға қазақ баласы алынбай, Полтава губерниясынан келген орыс балалары алынады – халық ақшасы далаға кету деген осы болды”, ал оқу-ағарту бойынша земствоның пайдасын Байтұрсынов былай көрсеткен: “Халыққа оқуды тегіс таратушы, жұртқа тегіс хат білдіруші земство. Земство бар губернияда хат білетін жүз кісіден 80, 90 болады. Россиядағы халықтың бәрін қосып жіберіп, топтап санағанда, жүз адамнан 20 адам-ақ хат білетін болып шығады, біздің қазақ облыстарында жүз кісіден 5 кісі-ақ хат біледі, демек, земство қырдағы қазақ халқына көбірек керек деп түйіндей отыра, Байтұрсынов земствоның көп көңіл бөлетін ісі халық денсаулығы және егін егу, сауда істеу, басқа кәсіп қылушыларға да земство көмектесетінін баса айтқан.

Әрине, Байтұрсыновтың өз ойын ашық айтуға мүмкіндігі болмағанын ескеру қажет деп санаймыз, бірақ оның мақалаларын оқып отырған адам Байтұрсыновтың айтайын деп отырған ойы халықты жерді талан-таражға салып, тартып алып жатқан орыс патша өкіметіне қарсы күреске шақырғанын аңғаруы қажет. Байтұрсыновтың осы кездегі философиялық, саяси дүниетанымына әсер еткен тарихи оқиға патша өкіметінің қоныстандыру саясаты, жер мәселесі болды әрі Байтұрсынов “Қазақ” газетіне жоғарыда аталған мақалаларда жариялай отырып, қазақ халқының арасында отарлыққа қарсы күресті нығайтуға ықпал етті. Ал халықтың өз тарапынан болса әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі, соғыстың ауыртпалығы халық бұқарасының қайыршылануына әкеп, қымбатшылық етек алғандықтан наразылық тудырды. Соғыс ел ішіндегі жалпы ұлттық дағдарысты шиеленістіргенін қоныс аударушы село тұрғындарынан да армия қатарына еңбек етуге жарамдыларын шақырып, майданға мініс ат пен көлік құралдарын көптеп

алғандығы шаруалардың аграрлық және ұлттық езгіге қарсы күресі дәлелдейді. Бірінші дүние жүзілік соғыс туралы Байтұрсыновтың “Соғысушы патшалар”, “Бұл заманның соғысы” атты мақалалары бар. Бұл еңбектерден Байтұрсыновтың дүние жүзіндегі соғысушы мемлекеттердің саясаты туралы жақсы білетіні байқалады. Мысалы, “Соғысушы патшалар” деген мақаласында соғысқа бес ұлық патша, үш ұсақ патша кіріскенін айта кеп, оларға сипаттама жасай отырып, Байтұрсынов әр мемлекеттің жер көлемі, әскери күш-қуаты, діні, осы соғыстағы әр мемлекеттің мақсаты туралы мәліметтер береді. Ал, “Бұл заманның соғысы” деген мақаласында соғысқа жұмсалатын құралдар мен соғысу тәртібі жөнінде өз пайымдауларын айтқан. Байтұрсынов соғысқа керекті бес нәрсені айтады: әскер, қару-жарақ, флот (соғыс кемелері), әскербасы, аспан кемелері. Сонымен, Байтұрсынов ел ішіндегі тарихи оқиғаларды ғана емес, халықаралық жағдайды да жақсы білген әрі ол жөнінде өзінше талдау жасап, “Қазақ” газетіне жариялап отырған. Демек, Байтұрсыновтың ой-өрісі, білімі жоғары болған, сондықтан да болар оның философиялық пайымдаулары да терең болған деп есептейміз. Философия тарихқа, тарихи үрдістерге тұтас көзқарасты қалыптастырады. Француз философы Э.Каллоның айтуынша, философия тарихы тарихтың синтезі әрі интерпретациясы, ол оқиғаларды түсіндіретін бірден-бір критерийін көрсететін түпкі мақсаттың ішкі заңына бағынатынын көрсете отырып, оқиғалардың барысына талдау жасайды, ал А.Тойнби “философия тарихы адамның ішкі субъективті тәжірибесі арқылы әмбебап тарихи болмысты зерттеу болып табылады” –деп, тұжырымдайды. Тарихи үрдістерді А. Байтұрсынов қалай түсініп, қалай талдағанын айтпастан бұрын әуелі оған анықтама берейік. Тарихи үрдістердің объективті және субъективті факторы болады десек, объективті факторына табиғи-климаттық және экономикалық моменттер, субъективті факторлар деп белгілі бір идеяларға, эмоцияларға сәйкес аяқталатын адамдардың іс-әрекетін түсінеміз. Адам әрекетіне тәуелсіз эволюция жүзеге асатын табиғаттан айырмашылығы, тарих адамнан тыс бола алмайды, оны адамдар жасайды. Алайда қоғам заңдары адамдар арқылы жүзеге асатынына қарамастан, олар объективті болып табылады.

А.Байтұрсынов соғысқа керекті бес нәрсенің ішінде әскерді көрсетіп отырғаны: басты өндіргіш күш адам болып табылады, өндіргіш күштер өндірістің экономикалық факторы. Сондықтан соғысушы мемлекеттердің әскерлері сол мемлекеттердің негізгі көзі бола отырып, экономикалық инициативасын жүзеге асырушылар болып табылады. Ал әскербасына жауапты міндет жүктеледі. Ол қалың тобыр әскерге жетекшілік жасап, соғыс қимылын жүргізеді, сонда “ат шаба ма, бап шаба ма” дегендей, әскер басының жеке басынан іс-әрекеттің ұтымды, ұтымсыздығы көрінеді. Кез келген саяси жүйенің орталығы мемлекет болса, ондағы басты саяси мәселе өкіметті жаулап алу мен ұстап тұру мәселелері екені белгілі.

Ал осы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде 1916 ж. Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліске А.Байтұрсыновтың көзқарасы қандай болды? “Қазақ” газеті төңірегіне топтасқан либералды-демократиялық интеллигенция өкілдерінің Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты жетекшілері халықты патша жарлығын орындауға қарсы шықпауға үгіттеді. “Қазақ” газетінің 192-санында осы үш жетекшінің “Алаштың азаматы” деген мақала-хаты шығып, онда “... қазақ қарсылық қылса, елге отряд шығады, отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады” –дей, келіп, қантөгіс болдырмау үшін халықты патша жарлығын орындауға шақырды.

Бұл дұрыс та болған шығар, себебі онсыз да еңсесі түсіп отырған халқының аман болуын ойлау үлкен азаматтық еді. Әрине, алаш зиялылары бұл көтерілістің қазақ халқының өмірінде елеулі орын алатынын түсінді. Бұл патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы жүргізілген күрестің бір бөлігі еді. Көтерілістің негізгі орталықтары Торғай мен Жетісу болып, одан Қазақстанның бүкіл территориясын қамтыды. Тарихшы К.Нұрпейісов дұрыс көрсеткендей, Алаш көсемдері көтерілісшілерге де, майданның кара жұмысына шақырылғандарға да сатқындық жасаған жоқ. Керісінше, олар майдан тылында еңбек еткен қазақ жігіттерінің сөзін сөйлеп, мұңын жоқтап, тыл жұмысына шақырылған қазақ жігіттеріне қолдан келген көмектерін аямады. Ал 1917ж. Ақпан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейін, Алаш жетекшілері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышпаев т.б. тылда болған жігіттер мен Қытайға кеткендерді ата жұртына қайтаруға көмектесіп, көтеріліске қатынасушыларға үкімет тарапынан рақымшылық жасауға күштерін жұмсады. Патша өкіметінің жарлығына қарсы шықпауға шақырған себебі, патшаның жазалаушы отрядтары зеңбіректермен, пулеметтермен қаруланған, ал халық болса қарусыз, дәрменсіз, сондықтан бұл сол кез үшін бірден-бір дұрыс шешім еді. Осындай пікірде болған Байтұрсынов та істің артын ойлап, дұрыс жорамал жасағанын мойындауымыз қажет. Осындай бір сын сағаттарда Байтұрсынов өзін өте салиқалы ұстап, білімділігі мен дүниетанымының тереңдігі арқасында әділ шешімдер жасай білді деп ойлаймыз.

Байтұрсыновқа әсер еткен тағы бір тарихи оқиға: “Алаш” партиясын құру жолындағы зиялы қауымның қыруар істері саяси көзқарасына үлкен ықпал етті. 1917 ж. 21-26 шілдеде Орынбор қаласында бірінші бүкілқазақтық съезд өтті. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстары мен Бөкей Ордасынан, Ферғана облысының қазақтар мекендеген аудандарынан өкілдер қатысты. Съездің күн тәртібіне енгізілген 14 мәселенің ішінде әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірге қатысы бар маңызды мәселе қойылып, оның ішінде ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық, қазақтың саяси партиясын құру ісіне басты назар аударылды, Халел Досмұхамедов съезге төраға, хатшылары А.Байтұрсынов, Ә.Көтібаров, М.Дулатов, А.Сейітов болды.

Съезде А.Байтұрсынов пен М.Дулатов “автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру”, ал Ә.Бөкейханов “демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы” Қазақстанда ұлттық-территориялық автономия құруды ұсынды. Съезде көпшілік дауыстың қолдауымен Ә.Бөкейхановтың ұсынысы қабылданды. Съезде қабылданған маңызды шешім – “Алаш” партиясының құрылуы болды. Оның бағдарламасы “Қазақ” газетінде жарияланды.

1917 ж. күзде Алаш партиясы басшылығының шешіміне сәйкес жалпықазақтық екінші съезд шақыру жөнінде ұйымдастыру комитеті құрылды. Комитет құрамына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров енді. Съезд желтоқсанның 5-13 күндері Орынбор қаласында өтіп, оған 80 -ге жуық делегаттар қатысты. Съездің күн тәртібі Алаш партиясы бағдарламасының талаптарынан және елде қалыптасқан қоғамдық-саяси өзгерістерден туындады. Съезде қазақ автономиясы мен милиция туралы Халел Габбасов баяндама жасады. Алаш автономиясының Алашорда Ұлт Кеңесі құрамына 15 адам кіріп, Алашорданың төрағасы болып баламалы сайлау нәтижесінде Ә.Бөкейханов тағайындалды.

Осы кездері Байтұрсыновтың редакторлығымен шығып тұрған “Қазақ” газеті прогресшіл бағытта болып, қазақ халқының санасын оятуда теңдесі жоқ роль атқарды. Омбыда шығатын “Сибирская речь” газетінің тілшісі Н.Я.Коншин 1918 ж. 28 шілдеде

шыққан “Қырғыз автономиясы” атты мақаласында “Большевиктердің ... билігінің соңғы күндерінде белгілі қырғыз қайраткерлері Ә.Бөкейханов, “Қазақ” газетінің редакторы А.Байтұрсынов және басқа интеллигенция өкілдері жасырын жағдайға көшуге мәжбүр болды”. Бұл жерде айтып кететін бір мәселе Алашорда Кеңес өкіметімен келіспеді. 1918 ж. наурыз-сәуір айларында Кеңес өкіметімен жақындасу шарасыздан туған қадам болған болатын. Сондықтан олар жасырын жағдайда болған жергілікті кадеттер мен эсерлер партия ұйымдарының басшыларынан қол үзген жоқ. Ал “Қазақ” газеті үздіксіз қудаланып, жандармерия А.Байтұрсыновты түрмеге де жаппақшы болды, цензура газетке қатал қысым көрсетті. Ахмет Байтұрсыновтың революцияға дейінгі қызметінде “Қазақ” газеті ерекше орын алады. Газет арқылы Байтұрсынов ащы армандарын, идеяларын батыл насихаттай білді; қазақ зиялыларымен күш қоса отырып, қоғамдық-саяси күреске араласты, “Алаш” партиясының мүшесі болды, бірақ 1919 ж. Ахаң онымен байланысын үзеді. Бұған А.Мектеповтың пікірінше, В.И.Ленин қол қойған рақымшылық (“Алаш” партиясында болғандарға кешірім жасау) мен Ә.Жангелдиннің тікелей ықпалы тисе керек.

1913 жылдың көктемінен өзі шығара бастаған “Қазақ” газетінің бетінде Ахмет Байтұрсынов қазақ қоғамының келелі-келелі саяси-әлеуметтік мәселелерін көтеріп, оны өзінің отарлық бұғаудан қазақты құтқару жолындағы күресінің құралына айналдырды. Өзінің саяси-әлеуметтік көзқарасын газет бетінде насихаттаумен қатар, оны іске асыру үшін үлкен ұйымдастыру жұмыстарын да жүргізді. Жалпы қазақ съездерін шақыруға мұрындық болып, оларды шақыру, өткізу істеріне белсене қатысты. Сондай съездің алғашқысы 1917 жылы 2-8 сәуірде Орынбор қаласында “Торғай облыстық қазақ съезі” деген атпен өткізілді. Оған 300 делегат қатысты. Съезде “Қазақ” газетінің бетінде Ахмет Байтұрсынов ашты. Ол бірлікке, тәртіпке шақырды. Ол “Ресейдегі Ақпан төңкерісі қазаққа бостандық береді” деп түсіндірді. Съезд ауылдық, уездік, болыстық және облыстық азаматтық комитеттер құруға шешім қабылдады. Съезд жалпықазақ съезін шақыруға шешім қабылдап, Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов бастаған сегіз адамнан ұйымдастыру бюросын құрды. Оған съездің бағдарламасын даярлау, өткізетін уақыты мен орнын белгілеу тапсырылды. Съезд мерзімді баспасөздің маңыздылығын ескере отырып, Орынборда шығарылып келген “Қазақ” газетін жиірек шығарып тұру қажет деп тапты. Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру қажет деп, әрбір 100 үйге бір мектептен болуы керектігін көрсетті. Съезд қарарларын орындауды ұйымдастыра отырып, Байтұрсынов қазақтың ұлттық-демократиялық партиясы “Алашты” құруға белсене қатысты. Оның бағдарламалық құжаттарын даярлауға және құрылтай съезін шақыруға ат салысты. Съезд 1917 жылы шілденің 21-нен 26-на дейін Орынборда өткен. Съезде қаралған өзекті мәселелер: қазақтың территориялық-ұлттық автономиясын құру, жер мәселесін шешу, мемлекет басқару ісі, халықтың милиция, сот құру, халыққа міндетті түрде бастауыш білім беру, қазақтың саяси партиясын құру т.б. мәселе талқыланды.

Қаралған мәселелер Байтұрсыновтың белсенді араласуымен және оның үлкен ықпал етуімен талқыланып, олар жөнінде қазақ қоғамының өркендеуі, саяси-әлеуметтік қатынастарын жақсарту жөнінде құнды шешімдер қабылданды. Шешім бойынша Ресей құрамында қазақтың ұлттық-демократиялық мемлекеттің құрып, онда демократиялық әлеуметтік өзгерістер жүргізу көзделді. Ахмет Байтұрсыновтың ұсынысымен «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасына әйелдердің саяси және әлеуметтік тең құқығы туралы қағида енгізілді. 1917 жылы 21 қарашада “Қазақ” газетінде жарияланған “Алаш” партиясының Бағдарламасының жобасында Ахмет Байтұрсыновтың да қолы



тұрды. Онда Байтұрсыновпен бірге Әлихан Бөкейхановтың да әлеуметтік көзқарасын айқындайтын тұжырымдамалар жарияланды. Мәселен, – “Басқармалар мен милицияда істейтіндер жөніндегі мәселені халық шешеді. Партия халық үшін дәулет пен мәдениет жасауға ұмтылады... Партия кедейлерді жолдас, қанаушыларды жау деп санайды. Салық әркімнің байлығының дәрежесіне және дүниемүлкінің жағдайына қарап алыну керек... Халыққа білім беру баршаға ортақ, барлық оқу орындарында тегін оқытылады” –деп жария етілген. Жобадағы қағидалар Ресейде жеңіске жеткен ақпан төңкерісінің ұрандарына сеніммен қарағандықтан жарияланған. Оны Бағдарлама жобасынан көруге болады. “Ресей демократиялық, федеративтік, парламенттік республика болады... Федерация мағынасы құрдас мемлекеттік бірлесуі. Федеративтік республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді” –делінген.

Байтұрсыновтың “Қазақ” газеті бетінде 1917 жылдың екінші жартысында қазақ қоғамының әлеуметтік проблемаларымен қатар, саяси проблемалар, ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелері көбірек талқыланды. Оның өзекті мәселелері газеттің 1917 жылғы 26 карашадағы 252-санында жарияланған “Ел қорғау” деген мақаласында жан жақты баяндалды. Онда: “Қазір бізге басынды, мал-мүлкін, жер-суынды қорғама деп тыятын да Ресей жоқ, пана болып қорғарлық та Ресей жоқ... Қазаққа өз жабдығыңды өзің ойлап, өлмес қамыңды істе деп отырғанымыздың мәні осы... Ресейге паналамаған кезде қазақ едің: өлер ме едің, яки өлмес қамыңды істер ме едің?! Өлмес қамыңды істер болсаң, істейтін шақ міне туды” –деп, ұран тастады. Байтұрсынов “Қазақ” газетін барлық ұйымдастыру, саяси-әлеуметтік жұмыстардың орталығына айналдырды. Екінші, жалпы қазақ съезін шақыруға Әлихан Бөкейхановпен бірге қызу жұмыс жүргізді. Съезде дайындықты айта келіп, “Қазақ” газеті 1917 жылы 2-қазанда шыққан 244-санында, шілдеде өткен 1-жалпықазақ съезінің шешімі негізінде құрылатын қазақтың саяси партиясын ежелгі атамиздың аты бойынша “Алаш” деп атау жөн деп жариялады. Сол жылдың желтоқсан айының 5-нен 13-іне дейін Орынборда өткен 2-жалпықазақтық съезде қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы да, саяси партиясы да Алаш деп аталсын деп шешім қабылдады. Съезде мектепке оқулықтар жасайтын Ахмет Байтұрсынов бастаған комиссия құрылды. Съезде Алаш – қазақтың автономиялық мемлекетін басқаратын атқарушы үкімет – халық кеңесі – Алаш Орданы құрды. Осылайша, ғасырдай уақыт өткенде, қазақтың мемлекеттілігі пайда болды. Құрылған милиция армия функцияларын атқарды. Халықтық сот пен ауылдық басқарма құрылымдары іске кірісті.

Байтұрсыновтың философиялық, саяси көзқарасына әсер еткен келесі бір тарихи әлеуметтік орта Азамат соғысы жылдарындағы Алашорданың Кеңес өкіметімен жақындасуын қиындатқан жағдайлар болды. Алашорда Кеңес өкіметімен келіссөздерді жалғастыруға жана әрекеттер жасамады, ал ақтар болса Алашордаға әлі де сенімсіздікпен қарады. Алашорданың одақтастары болған ақ казактар мен Колчак үкіметі Алаш жасақтарына қару-жарақ бере қоймады. Саяси жағдайдағы осындай өзгерістер Алашорданың атынан келіссөздер жүргізу үшін Москваға барған А.Байтұрсыновтың жағдайын қиындатып жіберді. Бұл кезде Байтұрсынов большевиктердің Алашордамен байланысып, қазақ халқының тағдыры жөнінде келіссөздер жүргізу қажеттігін дәлелдеуге көп күш жұмсады. Байтұрсыновтың бұл еңбегі зая кеткен жоқ, сөйтіп, Кеңес өкіметі қазақ халқының ұлттық мемлекеттігін ұйымдастыру ісін басқаратын орган құру туралы шешімге келді. 1919 ж. 10-шілдеде В.И.Ленин “Қырғыз (қазақ) өлкесін басқаратын революциялық Комитет жөніндегі

уақытша ережеге” қол қойды. Казревкомның мүшелігіне әуелі С.Мендешев, А.Байтұрсынов, С.Пестковский кірді, кейіннен Б.Қаратаев, М.Тұнғаншин, В.Лукашев, К.Сидоров, Т.Седельников, Т.Әлібеков енді. А.Байтұрсынов Казревкомның төрағасының орынбасары болып сайланды. Осы кезде “Жизнь национальностей” газетінде “Революция және қырғыздар” атты мақаласы жарияланып, онда Алаш партиясы мен Алашорда жетекшілерінің саяси көзқарасындағы ерекшеліктер жөнінде өз түйіндерін жасады. “...патша үкіметіне қарсы күрескен қазақ интеллигенттерінің өкілімін. Патшалық кезеңде қазақтардың қалай өмір сүргенін біз басқалардан артық білеміз. Қазақтардың күн көріс жағдайына, оларда таптық жіктелудің жоқтығына және жеке меншік заттарда белгілі меже болмауына байланысты қазақтар арасында олардың өзіне тән социализм мен коммунизмнің орын алуы қазақ халқына әзірше социалистік қоғамға деген мұқтаждықты қажет еттірмей отыр... Колчак билігінен Совет өкіметін артығырақ көруіміз қате еместігін өз жолдастарыма айтып, оларды тыныштандырғым келді”.

Басында Алаш партиясының мүшесі болған Байтұрсыновтың Кеңес өкіметі жағына шығып, Казревком мүшелігіне тағайындалғанын большевиктер үлкен саяси науқанға айналдырып жіберді. 1920 ж. сәуірде әскери қайраткер М.Фрунзенің ұсынысымен РКП (б) мүшелігіне қабылданады. Орынборда шығатын “Известия Киргизского края” деген газеттің 1920 ж. 15 сәуірдегі санында “Ахмет Байтұрсынов арызы” деген мақала жарияланып, А.Байтұрсыновтың РКП(б) Орынбор Комитетінің атына партияға алу туралы өтінішінің мәтіні беріледі [49]. Коммунистік партияға Ахмет Байтұрсынов бір жыл ғана мүше болған. “Мен партиядан 1921 жылғы тазалау барысында енжарлығым үшін шығып қалдым. Менің енжарлығым ғылыми жұмысқа тереңдей берілгенімдіктен партия жиналыстарына бармайтындығымнан және жалпы алғанда саясатқа аз көңіл аударатындығымнан көрінді”. Осы газеттегі мақалада Байтұрсыновтың жұрттың бәрі білетіндігін, қырғыз халқының ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар Байтұрсыновтың есімімен байланысты екені айтылған.

Байтұрсынов Алаш-Орданың төрағасы Әлихан Бөкейхановпен бірлесе отырып, мемлекеттік тәуелсіздікке жетудің жолдарын табандылықпен іздеп, оны іске асыруды жан-жақты қарастырды. Соның бір әрекеті Сібір автономистерімен бірлесе қимыл жасауға талпыну болды. Алайда, Сібірдегі өзін Бүкілресейлік Уақытша үкіметіміз деп санайтындар 1918 жылы 22 қазанда (жаңаша 4 қарашада) өзінің жарлығымен Алаш Үкіметі – Алаш Орданы таратылсын деп тапты. Бұл Қазақстандағы ұлттық мемлекеттің ыдырауына соқтырды. Оның үстіне Қызыл Армияның жеңістері мен Сібірдегі Колчак Үкіметінің Алаштан теріс айналуы Ахмет Байтұрсыновтың Кеңес Үкіметіне қарай бет бұруына түрткі болды. Большевиктердің Ресей халықтары құқығының Декларациясында жария етілген қағидаларға сеніммен қарай отырып, Байтұрсынов 1919 жылы наурыз айында “Алаш” партиясының сол қанатын құрайтындармен бірге оның қатарынан шығады да, Кеңес Үкіметінің Торғай облысынадағы төтенше комиссары Әліби Жангелдинмен кездеседі. Одан кейін Мәскеуде Қазақстанның мемлекеттік автономиясы туралы И.Сталинмен келіссөз жүргізді. Сол келіссөздер нәтижесінде елді уақытша басқаратын (1919 ж. 10-шілдеде) Қазақтың революциялық комитеті құрылып, оған алдымен Байтұрсынов мүше болып, кейінірек оның төрағасының орынбасары болып сайланды. Ондағы атқарылған өз жұмысының нәтижесін айта келе Байтұрсынов: “Қазақ өлкесінің автономиясын жүзеге асыруды орталықтан бастауды мойындап, орталық Үкіметті қазақ өкілдерінен тұратын Қазақ

ревкомын (революциялық комитеті) ұйымдастырдық” –деп, қорытты. Алаш-Ордадан біржола қол үзбей, оның тағдырын шешуге белсене қатысады. Онымен келісімге келуді түбегейлі шешу үшін 1919 жылы 27 қазанда Қазревкомның кеңейтілген мәжілісі өткізіледі. Онда Байтұрсынов мынадай мәселелерді талқылауды ұсынды.

1) Қазақ халқы автономиялық өзін-өзі басқару үшін Қазақ ревкомының дербес іс-қимыл жасауы;

2) Ақтар жағында кеңес өкіметіне қарсы күресіп жүрген барлық қазақтарға, оның ішінде алашордашыларға кеңес өкіметін мойындаған жағдайда рақымшылық көрсету;

3) Кеңес өкіметінің жергілікті жерлерде халық сенімін қамтамасыз ету үшін барынша парасатты іс-шаралар жүргізу. Осы мәселелермен қатар Байтұрсыновтың, т.б. қайраткерлердің ұсынысымен алашордашыларды кеңес өкіметі жағына тартып, оларға кешірім жасау мәселесі кең талқыланып, 31 қазанда Қазревком мынадай қаулы қабылдады: “Ақтар жағында кеңес өкіметіне қарсы соғысып жатқан барлық қазақтар, соның ішінде Алашорданың орталық және Торғайлық топтары кеңес өкіметі жағына шыққан жағдайда оларға кешірім жасалуы Түркістан майданынан сұралсын”. Бұл шешім сол жылы 4 қарашада Түркістан майданының Революциялық әскери кеңесінде қаралып, кеңес өкіметіне қарсы күрескен барлық қазақтарға кеңес үкіметін толық, сөзсіз мойындайтын жағдайда кешірім жасалатыны туралы шешім қабылданды.

Байтұрсынов қантөгіссіз еркіндікті эволюциялық жолмен алуды табанды түрде жүргізіп отырды. Ол қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік, мәдени мәселелерді өркениетті жолмен шешуді мақсат етті. Ол осы мақсаттарын орындау үшін 1920 жылы сәуір айында РЖ(б)П қатарына кірді. Сол жылы шілде-тамыз айларында болған Коминтерннің 2 конгресіне РЖ (б)П-ның В.И.Ленин бастаған делегациясы құрамында қатысты. Ол Халық ағарту комиссары, Қазақстан орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті мүшесі лауазымдарын атқарып жүріп, Қазақстанда автономиялық мемлекет құру ісіне үлкен үлес қосты. А.Байтұрсыновтың саяси-әлеуметтік көзқарас, танымдарын оның мемлекет құрылысына қатынасынан көруге болады. Ол Қазревкомның Бүкіл Орталық Атқару комитетіндегі өкілі ретінде 17 мамырда (1920 ж.) В.И.Ленинге хат жазды. Онда ол, біріншіден, Қазақ өлкесін басқаруға халықтың күйін жақсы білетін, сыналған, халық сенетін адал коммунист қазақтардан қою дұрыс дейді. Екіншіден, аралас ұлт өкілдерінен тұратын аймақтарды басқару органдарында езілген ұлт өкілдері кемінде үштен екісін құрау керек, үшіншіден, Қазақ өлкесінің шаруашылық-экономикалық мекемелерін басқару орталықтандырылуына, немесе орталықтандырылмауына қарамай, ешбір бөліске түспей, немесе басқа губерниялар мен облыстарға бағындырмай, қазақтардың қолында болуға тиісті. Төртіншіден, қазақ коммунистері мен интеллигенциясының барлық саяси-мәдени жұмысы советтік социалистік шаруашылық саясатына негізделіп жүргізілуі керек; бесіншіден, Қазақстанды оның астанасы Орынбормен біріктіріп басқаратын әскери округ құру; алтыншыдан, қалалардағы әскери горнизондар міндетті түрде қазақтардан болу керек деп санайды.

Байтұрсынов шын мәніндегі Автономия осылай болу керек деп түйген. Әрине, оның ұсыныстары іске асу былай тұрсын, тіпті Қазақстан одақтас республика болғанда да, оның мемлекет ретінде егемендігі болмады. Қазақ қоғамының дамуы мешеулеп қалды. Осындай қоғам дамуындағы келеңсіздікті сынағаны үшін Ахмет Байтұрсынов абақтыға жабылып, 1937 жылы мерт болды.

Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кепшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және

халқымен бірге болуды ойлаған Байтұрсынов 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтті, алғашқы Өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізілді. Байтұрсыновтай ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса да большевиктерге де қажет болды. Ол екі жылдай Республика Халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы дамытуға қыруар еңбек сіңірді.

Бірақ Кеңес өкіметі тұсында Байтұрсынов аса күрделі ғұмыр кешті. Сәкен Сейфуллиннің сөзімен айтар болсақ: «...Ахмет коммунист партиясында да көп бола алмады. Көп бола алмайтыны белгілі еді. Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек, ұлтжанды еді. Қалай болса да жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жастарына “Оқу һәм тіл құралдарымен” қылған қызметі таудайың.

С.Сейфуллин осылай дей тұрса да кезінде Байтұрсыновтың большевиктер қатарына өтуіне большевиктердің өздерінің жүрегі жарыла қуанғандары белгілі. Большевиктік “Известия киргизского края” 1920 жылы 15 сәуірде былай деп жазды: “...Ахмет Байтұрсынов жолдасты бүкіл сахара біледі. Әрбір қазақ оз халқы көсемінің, ірі қырғыз қоғамдық қайраткері және әдебиетшісінің есімін естіп білген.

Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар Байтұрсыновтың есімімен байланысты. Ол бейбіт ұлттық либерализмнен Октябрь революциясын және Кеңес өкіметін тануға дейінгі саяси даму кезеңдерінен өтті. Ұзақ толқулар мен күрестерден кейін, Қырғыз ұлтшылдығынан ол халықаралық коммунизмге келді.

Бұл – біздің партиямыздың ірі жеңісі және біздің қырғыздар арасындағы ықпалымыздың ең жақсы өнегесі...”.

Шын мәнінде, Байтұрсыновтың және оның серіктерінің Кеңес өкіметі жағына кездейсоқ өтпегені белгілі. Бұл туралы Байтұрсыновтың өзі “Жизнь национальностей” журналында 1919 жылы 3 тамызда жазған “Революция и киргизы” атты мақаласында төмендегідей пікір білдірген еді: “...Егер де бұрын бір топ адамдар патша чиновниктері атынан қырғыздарды жауапсыздықпен қанап, әртүрлі зорлық-зомбылықтарға жол берген болса, дәл осындай қылықты шет аймақтарда большевик-коммунистер деген атты жамылған осындай және басқадай адамдар тобы байқатты. Патша өкіметі кезінде, бұрын мұндай жағдаймен ымыраға келмегенмен және менің пікірлестерім, енді тағы да осындай істер Советтік Ресейде түгелдей орын алуда деп ойлап ымыраға келмей кеңес өкіметін мойындауға қарсы болдық. Бірақ монархиялық билік бағытындағы Колчактың пайда болуы осы және басқа билік туралы ойлауға мәжбүр етті. Сонда біз қырғыз халқының ежелгі арманы оңшыл ма әлде солшыл ма әйтеуір, жүзеге асар болар дегенге көзіміз жеткендіктен жергілікті большевиктердің іс-әрекеті біздерге ұнамды көріне қоймаса да кеңес өкіметі жағына шыққанды жөн көрдік”.

Көріп отырмыз, Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде, кеңестік билікті амалсыз мойындады. Бірақ Байтұрсынов ешқашанда қазақ халқының рөлін көтеру және қазақ елін ұлттық тұрғыдан дербес ету идеясынан бас тартқан емес. Оған нақты дәлелдер көп. Мысалы, ол, 1920 жылы 17 мамырда В. Лениннің атына хат жолдап, “...Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ” –дей, келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан коммунистер қолына беруді талап еткен еді.

Осы жылдың 12 шілдесінде Байтұрсынов тағы да Т.Рысқұлов, Н.Ходжаев, З.Валидов, Ә.Ермаков, Х.Юмагулов тәрізді түркі халықтарының көрнекті тұлғаларымен бірге В.Ленинге хат жолдап, оның бұрынғы отарлаушы ел пролетариаты

яғни орыс жұмысшы табы шеткері аймақтардағы отар елдер еңбекшілерін азат етеді деген қағидамен және панисламизмге қарсы күреске шақырған ұранымен өздерінің келіспейтінін ашық мәлімдеді.

Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы “Ақ жол” газеті туралы хаты Байтұрсыновтың және оның серіктерін “ұлтшылдар” және “шоқаевшылдар” ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауда болған А.Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп біржолата кете барды. Қазақ халқы өзінің рухани көсемінен осылайша мәңгіге айырылды. Алайда мынаны ұмытуға болмас: ел боламыз десек А.Байтұрсынов қалдырған рухани мұраны толық игеріп, ол шыққан ұлттық идея биігінен көрінуіміз керек, “Байтұрсыновшыл” болу – бүгінгі қазақ зиялысы алдында тұрған басты міндет екенін естен шығармағанымыз жөн.

Дербес мемлекет құруды А.Байтұрсынов қазақ халқының ұлттық сана-сезімін тілі мен мәдениетін, ғылымын нығайтумен байланыстырды, сондықтан “Қазақ” газетінде жазылған мақаласында ондай жетістікке жету үшін ең әуелі ана тіліндегі әдебиетті дамыту қажет, өзінің ана тілінде сөйлейтін халық қана дербес өмірді таңдай алады деп атап көрсеткен болатын. Осындай ой түйіндерін айтқан Байтұрсынов Қазан төңкерісін қабылдаған жоқ, большевиктердің халыққа қарсы саясатын болжай білгендіктен, “Революция және қырғыздар” еңбегінде Ақпан революциясы қырғыздарға түсінікті болса, Қазан революциясының қасірет әкелгенін атап өткен.

А.Байтұрсынов қазақтар үшін социализмнің қажеті жоқ екенін айтқан, себебі қазақтар социалистік құрылыстың қажеттігін ерекше сезінген жоқ, теоретикалық социализм мен коммунизм жөнінде ойлаған да, армандаған да жоқ.

Байтұрсынов коммунистік партия қатарына кіргенде оның көсемдерінің саяси-әлеуметтік бағдарламасына сеніп, сол арқылы өз ұлтының мүддесін қорғау үшін кірді. Сәкен Сейфуллиннің сөзімен айтқанда “қанша ұлты үшін коммунист партиясына кірсе де, дүниедегі барлық адам баласының ұлттарына қарамай, бәрін бірдей сүйетін коммунистерді көріп, өз ұлтын ғана сүйетін Байтұрсынов, өзі айтқандай “қызыл бола алмады”.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсыновтың философиялық, саяси көзқарасына әсер еткен тек рухани құндылықтар ғана емес, өзі өмір сүрген әлеуметтік орта мен сол кездегі күрделі тарихи оқиғалар да өз ықпалын тигізді, себебі Байтұрсыновтың еңбектерін талдап қарасақ, ол бәріне бас шұлғи бермеген, кез келген мәселеге байыппен, сын көзбен қараған. Ғылыми танымның эмпириялық деңгейінде кең қолданылатын ең қарапайым әдіс бақылау деп аталса, оның мәнісі зерттеу объектісін белгілі бір мерзім аралығында нысаналы ұйымдасқан түрде жүйелі бақылай отырып, ондағы өзгерістерді қадағалау екені белгілі, сондықтан осы тұрғыдан алғанда А.Байтұрсынов тарихи оқиғаларды, патша өкіметінің саясатына ұтымды бақылау жасай білгенін еңбектері толық дәлелдейді.

Абай – ұлттық намысты ұлықтандырушы, Міржақып – ұлттық сезімді тудырушы. Ахмет ұлттық намыс пен ұлттық сезімді ұлттық санаға айналдырушы деп түйіндейміз.

### **Негізгі ұғымдар.**

Патша өкіметі, субъективті рух, петиция, экспедиция, отарлау жүйесі, ұлттық дағдарыс, шиеленіс, автономия, қозғалыс, білімсіз, рухани құндылықтар, ұлттық намыс, ұлттық сезім, ұлттық сана.

### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары.**

1. XX ғ. алғашқы ширегінде қазақ елінің ахуалы.
2. Патша өкіметінің саясаты.
3. Қазақ зиялыларының топтасуының себебі.
4. Қазақ қауымының саяси-рухани сұранысы.
5. “Қазақ” газетінің бетінде көтерген саяси-әлеуметтік мәселелер.
6. Ахмет Байтұрсыновтың әлеуметтік көзқарастары.

### **Реферат тақырыптары.**

1. Ахмет Байтұрсыновтың саяси-әлеуметтік көзқарастары.
2. XX ғ. алғашқы ширегінде шиеленіскен саяси-әлеуметтік жағдай.
3. Қазақ баспасөз тарихы.
4. Ахмет Байтұрсыновтың дүниетанымына әсер еткен тарихи оқиғалар.
5. Ахмет Байтұрсынов жер мәселесіндегі әділетсіздік туралы.
6. 1916 ж. Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліске А.Байтұрсыновтың көзқарасы.
7. А. Байтұрсынов пен М. Дулатов “автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру”.
8. Ахмет Байтұрсыновтың революцияға дейінгі қызметі.
9. Алаш қозғалысы.
10. Ахмет Байтұрсыновтың философиялық, саяси көзқарасына әсер еткен рухани құндылықтар.

## **3. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІ**

### **3.1А. Байтұрсынов шығармаларындағы логикалық-философиялық талдаулар.**

### **3.2 А. Байтұрсынов шығармаларындағы философиялық антропология.**

### **3.3 А. Байтұрсынов шығармаларындағы білім философиясы.**

А.Байтұрсынов айналадағы нәрсенің бәріне логикалық-философиялық талдау жасаған. “Біздің анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе. Орман, теңіз, тау, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен жаратынды нәрселер, үй, кірпіш, бақша, арық, құдық – бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер”, –деп анықтама бере отырып, Байтұрсынов одан әрі былай талдау жасайды: “Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады; адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады; өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен”.

Өмірге қажетті материалдық игіліктерді адам табиғи байлықтардан өндіреді, яғни қоғам табиғатпен тығыз байланысты, одан тыс өмір сүре алмайды. Адам да, қоғам да табиғаттың перзенті әрі жалғасы. Ауа, су, жан-жануар, орман – адамзат баласына берген табиғаттың сыйы. Демек, А.Байтұрсынов табиғаттың жаратқаны, адам еңбегінің нәтижесін айтқанда табиғат пен қоғамды байланыстырып та, жалғастырып та тұрған материалдық өндіріс процесі, еңбек процесі деген тұжырымды меңзеп отыр деп ойлаймыз. Ал осы жерде Байтұрсыновтың адам мәселесі, адам еңбегінің жемісі жөніндегі ойларына талдау жасасақ, дүниетанымның негізгі мәселесін анықтағанда

Х.Л.Борхестің өз өмірінің қас-қағым сәтінде адам өз-өзімен кездескенде, өмір бойы өзін анықтайды деп көрсеткен қағидасы соны дәлелдейді. Кезінде софистер де алғаш рет адамға көңіл бөлгенде, дүние, космос жөніндегі ақиқат өздігінен өмір сүрмейді деген қорытындыға келген болатын. Ал адам табиғаты туралы мәселені философияның арнайы бөлімі антропология зерттейді. Философиядағы антропологиялық бетбұрыс И.Канттың атымен тығыз байланысты, одан кейін А.Шопенгауэр, С.Кьеркегор, Ф.Ницше болса, экзистенциалды философия (К.Ясперс, Ж.П.Сартр, А.Камю, т.б.), философиялық антропология (М.Шелер, А.Гелен, Г.Плеснер) адамның тағдыры мен бостандығын, өмір сүруінің мәні мен мақсатын философиялық рефлексияның пәні ретінде қарады. Философиядағы экзистенциалды-антропологиялық бағыт натурализм мен позитивизмнің тұжырымдарымен бірге классикалық философияның кейбір принциптерін жоққа шығарды. ХІХ – ХХ ғ.ғ. адам өзін мәселе ретінде танып, өзі жөнінде саналы түрде мазасыздана бастады.

Енді осы Батыстың атақты философтарының пікірлерімен А.Байтұрсыновтың жоғарыдағы тұжырымын салыстырсақ, бұл, бір жағынан, философиялық антропологияға да жататынын байқауға болады. Философиялық антропологияның өкілдері философияның мәні адамды жаратылыс-ғылыми, гуманитарлық және философиялық ілімдер синтезделетін кешенді зерттеу бағдарламасын құруда деп есептеді. М.Шелердің айтуынша, философиялық антропология – бұл адамның мәні туралы, табиғаттың түрлі сферасына оның қатынасы туралы ғылым дей отырып, адамның ерекшелігі рух пен өмірден тұратын дуализм екенін айтқан.

Зерттеуші О.А.Сегізбаевтың айтуынша, Байтұрсынов қойған мәселе терең зерттеуді талап етіп, адамның мәнін, оның санасын, адамдық рухын көрсетуге бағыттауы әлі күнге дейін маңызды мәселе. Шәкәрім философиясын ой елегінен өткізе отырып, Байтұрсынов рухты табиғаттан, сананы материядан, ойлауды болмыстан бөлмейді. Осындай күрделі мәселелерді шешуде ол өз позициясын ұстайды деп пайымдауға болады.

Ахмет Байтұрсынов “Айқап” журналы қайраткерлерінің шарифатты қабылдау хақындағы ойларына былай деп жауап қайтарады: “Қазақ шала мұсылман... Билік туралы жазылғанда қазақтың дін ісінен басқа дүनियाуы, яғни тіршілік істері, шарифатқа қарамай, билік қарауында болу керек, өйткені шарифат бір айтылып, тас қатып қалған өзгерілмейтін жол, тіршілік күн сайын өзгеріп тұрады. Сондықтан тіршілік ісі өзімен қатар өзгеріліп тұратын жолда боларға тиіс”. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының арасында шарифатты сіңіру, дамыту және биік дәрежеге көтеру үшін ең алдымен арнайы бағдарлама жасап, діни қызметкерлерін дайындау қажет екенін қоса айта кетеді. Яғни, оның ойынша, қазақ халқы шарифатты толық мағынада қабылдауға дайын емес, себебі оның, тарихы өте тереңде. Оның пікірі Шоқан Уәлихановтың ойларымен де үндес екені анық байқалады.

Академик З.Қабдоловтың айтуынша, біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің “Поэтикасы” тәрізді сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі түрде байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу – А.Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыш” еңбегі.

Егер Лессинг өзінің “Гамбург драматургиясында” Аристотель “Поэтикасын” мінсіздік тұрғысынан “Евклид элементтерімен” қатар қойған болса, біз бүгін Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышын” Аристотель “Поэтикасымен” салыстырар едік. Мұның мәнісі – екеуі де: бірі грек әдебиетінің, екіншісі қазақ әдебиетінің алғашқы “әліпбилері”. Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне

соғұрлым ұқсас болады. “Мінсіздік” дедік! Мұның өзі уақыт пен кеңістікке тығыз байланысты тарихи категория: уақыт өтсе, кеңістік өзгерсе, бұл да адам танымастай өзгеріске ұшырайды. Айталық, Эсхил трагедиясындағы мифтік құдайлар өліп жатқанда шетінен маңырай жылаған гректер Лукиян комедиясындағы өлімге жамырай күлген. Тарихтың бұлай жылжу себебін Энгельстен артық айту қиын: – Адам баласы өзінің өткенімен күліп қоштасып отырған. “Мінсіздік” дегенді де солай түсіну керек. Мәселен, Аристотель өзінің Лессингке мінсіз көрінген “Поэтикасында” ұғым һәм термин ретінде тарихта тұңғыш рет өзі қалыптастырған фабула дегеннің композициялық бүтіндігін былай түсіндіреді: – Бүтіндік дегеніміз әр нәрсенің басы, ортасы, аяғы болуы. Басы – өзгеге ермейді, өзіне ертеді; ортасы – өзі де ереді, өзгені де ертеді; аяғы – өзі ереді де өзгені ертпейді.

Ал Байтұрсынов болса, біз тұңғыш қазақы теориялық трактат ретінде бағалап отырған өзінің “Әдебиет танытқышында” терменің жанрлық ерекшелігін былайша сипаттайды: “Терме деп ат қойылуының мәнісі: бұл түрлі шығармалар бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрмай, көп нәрсені теріп сөз қылып өтеді. Көп нәрсені сөз қылғанда, әр қайсысына айналып, баяндап жатпайды. Түрлі шөптің басын шалып оттап, тоқтамастан желге қарай тартып бара жатқан мал сияқты”.

Байтұрсыновтың осындай шығармаларына талдау жасағанда, оның тіл философиясына қосқан үлесін айтқан орынды деп ойлаймыз. Тіл – байланыс пен таным мақсаты үшін қолданылатын белгілер жүйесі. Тілдің құрылыстық бірліктері мәтіннен тұратын сөз бен сөйлемдер болып табылады. Әр сөз, әр сөйлем, әр мәтін көп жағдайда күрделі болып келетін белгі, яғни оның әрқайсысы белгілі бір нәрсеге бағыт береді. Күрделі белгі – бұл күрделі символ. Тіл таным үшін ғана емес, әрекет үшін де қажет. Гадамердің айтуынша, тіл – түсініктің өзі жүзеге асатын әмбебеп орта.

Байтұрсыновтың өлеңдерінде әйелдер, махаббат, табиғат туралы қанатты сөздер, әсіре суреттеулер жоқ. Ол қарапайым да түсінікті қазақ тілі мен бостандық туралы, ұлт туралы жырлай отырып, еңбекке, оқу білімге шақырады, әрі әр адамның бойында азаматтық сезімнің оянуына мән береді. “Маса” жинағына кірген “Қазақ салты” өлеңінде былай дейді:

Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,  
Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.  
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,  
Киіздей шала басып, қарпылмаған.

Еңкеңдеп ет андыған шалдар да көп,  
Телміріп бір тойғанын ар қылмаған.  
Ақ көңіл алаң-бұлаң адамдар көп,  
Ұмтылып талап ойлап талпынбаған.

Солардың қатарында біз де жүрміз.  
Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.  
Не пайда өнерің мен біліміңнен,  
Тиісті жерлеріне сарт ұрмаған?

Бұл бір сөз қасірет айтып, хатқа жазған,  
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.  
Байға мал, оқығанға шен мақсұт боп,  
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан.



Шын мәнісінде осы өлең “жабайы капитализмнің” нақ философиялық публицистикалық сипаттамасын береді. Осындай жоғары символикалық сипаттаманы лингвистикалық философияның құралымен ғана қол жеткізуге болады деп ойлаймыз.

Сонымен бірге Байтұрсыновтың өлеңдерінде – экзистенциализм де байқалады. Классикалық мән (essentia) философиясын адамның өмір сүру (“existentia” латын сөзі, қазақша “тіршілік ету, өмір сүру” деген ұғымды білдіреді) философияға Н.Бердяев (1874-1948), К.Ясперс (1883-1969), М.Хайдеггер (1889-1976), Ж.П.Сартр (1905-1980), А.Камю (1913-1960) және т.б. ойшылдарды жатқызамыз. Экзистенциалистер адамның өзгермейтін табиғатын бірінші орынға қояды. Адам қашан болса да дара, жеке өмір сүреді және өмір сүре береді де. Оған қуаныш, түңілу, қорқу, үрейлену және тағы басқа қасиеттері тән. Экзистенциалистердің бірі Марсель Габриэль Оноре (1889-1973) дүниені мемлекеттік және мафиоздық күштер билесе, адам соларға тәуелді болып, толығымен теңсіздікке душар болады деп тұжырым жасаса, біздің ойымызша А.Байтұрсынов “Қазақ қалпы” деген өлеңінде осыған ұқсас қазақ қоғамын былай суреттейді:

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,  
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.  
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру,  
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.

Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,  
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.  
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,  
Алалық алты бақан дерттен кірдік.

Хайдеггердегі, Ясперстегі, Сартрдағы, Камюдағы сияқты А.Байтұрсыновта да қоғам “толық өмір сүру” жағдайында болмайды, яғни таза қоғам болмайды деген ой жатыр. Мысалы, “Жұбату” атты өлеңінде:

Еркін дала,  
Еркін қайда?  
Еркіндегі көркін қайда?  
Тулы, нулы  
Жерің қайда?  
Сулы, шулы  
Көлің қайда?  
Еркін көшкен  
Елің қайда?  
Ел қорыған  
Ерің қайда?  
Тура айтатын  
Биің қайда? –деп,

жеке адам Байтұрсыновтың шығармаларында философиялық антропология тұрғысынан ерекше назар аударғанын байқауға болады деп есептейміз.

Белгілі неміс лингвисті, философы В.Гумбольдтың “тіл антропологиясында” адам орталық мәселе болып табылады. В.Гумбольдт тілдің негізіндегі, тілдің табиғатындағы қосарлылық (дуализм) мәселесін көтереді. “Адам баласы тәндік саладан және сезім саласынан тысқары жатқан таза ойлау шеңберінде де өзінің “Меніне” сәйкес келетін “Басқаға” құлшынады” –дейді, В.Гумбольдт.

А.Байтұрсынов орыстың мысал жанрын аудару арқылы философиялық-ғибраттық сарын, мораль, яғни, мысал философиясын жандандырды. Поэзияның көркем жанры деңгейіндегі мысалдың ғибраттық ой-толғамы туралы ғылыми әдебиетте түрліше пікірлер кездеседі. Көркемдік шешім, драмалық тартыс арқылы өткір сатира айтылар поэзиялық мысал, жанрдың канондық ерекшелігі, ғибраттық-философиялық негізіне нұқсан келтірді, “жеңіл ойыншыққа” айналдырды деген ғылыми пікір-таластар баршылық. Әрине, прозалық мысалда ғибраттық-философиялық фактор жанрды айқындаушы дәстүрлі канондық белгі ретінде көрінеді.

Бірақ, поэзиялық мысал өлеңде бұл фактор мүлдем жоғалып кетпей, қайта сатирамен астасып, басқа түрде берілді. Яғни, поэзиялық мысалда да ғибраттық-философиялық сарын стиль қалыптастырушы жанрдың дәстүрлі ерекшелігі ретінде қалайда маңызды фактордың бірі болып табылады.

Крылов мысалдарында сатира басым болып, көбінесе нақтылы саяси өзгерістерге, кейіпкерлерге негізделді. Сондықтан, сол кезеңде орыс әдебиетінде мысалдың ғибраттық- философиялық элементі солғын тартып, саяси сатираның бел алғаны орыс әдебиетінің тарихынан белгілі. Ұлы сыншы, В.И.Белинскийдің “Басня, как нравоучительный род поэзии, в наше время действительно ложный род; ...Но, басня, как сатира, есть истинный род поэзии” –деген, пікірі сол кездегі орыс әдебиетіндегі мысал жанрына берілген анықтама. Алайда, атақты сыншының әдебиет саласындағы беделі көптеген зерттеушілердің жалпы мысалды саралау барысында орынды-орынсыз жанрдың философиялық-ғибраттық сарынына салқын қарауына мұрындық болды. Бірақ, мысал жанрының стиль қалыптастырушы факторы ретіндегі философиясы-ғибраттық түйінін мүлдем жоққа шығара алмасак керек.

Мысалдың сөз өнерінің емес, философия мен шешендік өнердің объектісі болғаны мысал тарихынан белгілі. Мысал теориясына Аристотельден бастап, кейінгі философтар Лессинг, Гердер және Гегельдің назар аударып, арнайы зерттегендерін жоққа шығара алмаймыз. Фольклорист-ғалым Исидор Левиннің: “Мысал мен жануарлар туралы ертегілердің философияға қатысты екі жақты: философияда мысал немесе жануарлар туралы ертегілер жайында ой айтылғанда, олар философияның объектісі, ал кейде философия мысалдың өзінде көрініс берген кезде, философия мысалдың объектісіне айналады” –деген, пікірін құптамасқа болмайды.

Ал, Новалис мысалды философияның төл объектісіндей қарастырады: “Мысал – бұл максимум философияның поэтикалық көрінісі... Нағыз поэзия емес, жасанды, яғни поэзияға айналдырған философия” –деп, таниды.

Бұл пікірлер, мысалды бірде философияның поэтикалық көрінісі, бірде мысалдың өзекті факторы ретінде тануы қалай болғанда да мысал жанрында философиялық – ғибраттық дәннің барлығын дәлелдейді. Жанрдың ғибраттық-философиялық сарын ерекшелігіне тоқталған пікір-тұжырымды Н.Л.Степанов, С.Қирабаев, Т.Қожакеев еңбектерінде де кездестіреміз.

Жалпы, жануарлар эпосын, қазақ фольклорын және шығыстық дәстүрді терең таныған Ахмет Байтұрсынов философиялық-ғибраттық сарыннан қашпайды. Қайта, философиялық-ғибраттық дәстүрді түйін ретінде пайдалана отырып, ұлттық әдебиетімізде даралық стилімен түрлендіре дамытты. Ахмет Байтұрсынов өмір сүрген кезең, қазақ халқының әлеуметтік-қоғамдық өмірі қайшылыққа толы, сілкініс кезеңі еді. Отаршыл саясат, жуан жұдырықпен бірге ел ішінде қырық пышақ дау-дамай ғасырға созылып, халықтың ашынып шиыршық атқан кезін дәл таныған ақын мысал жанры, оның ықпалы арқылы халық рухын көтеріп поэтикалық Үндеу тастады. Бұндай

Үндеу, ғибрат сөз, тек Байтұрсынов сияқты алыптың аузынан шыққанда салмақты. Қарап отырсаңыз, ол ғибрат, ол толғам бүгінгі таңда да маңызын жоймақ емес, Ахмет Байтұрсынов өзінің ғибрат сөзін, алдымен “Қырық мысал” еңбегіндегі бірінші мысал “Аққу, Шортан һәм Шаян” – мына түйінде береді.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.  
Біріңнің айтқанына бірің көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас...

Алайда, бұл персонаждар іс-әрекетіне байланысты алынып отыр. Барлық адам аққудың ұшатынын, шаянның жерде жүретінін, Шортанның жүзетінін біледі. Сондықтан бірігіп әрекет қылғанымен нәтиже жоқ. Мысал түйінінде, елді тұтастық - бірлікке, ынтымақтастыққа шақырған ғибрат ой-тұжырым жатыр. Байтұрсынов стилінде ғибраттық түйін ерекше орын алады. Оны ақын позицияда әдемі қолдана білген. Ал, осы Ахмет Байтұрсынов мысал өлеңдерінің соңында келетін /сентенция/ түйін туралы білікті ғалым Қайым Мұхаметханов құнды пікір айтқан: “Қырық мысал” Крыловтан аударма дегенмен, сөзбе-сөз аударма емес, Байтұрсынов Крылов мысалдарының тақырыбын ғана алып, өзінің төл шығармасындай емін-еркін жырлап кетеді. Және әрбір мысал өлеңнің соңында келетін ой-пікір түйіні /сентенция/, Байтұрсыновтың өз қортындысы, өз пікірі. Ғалым Қайым Мұхаметханов ақынның творчестволық даралық ерекшелігін дәл байқаған. Расында, стиль қалыптасу барысында форма табу, сол арқылы ой-пікірді беруде ақын мысалдарында түйін-пікір /сентенция/ ерекше маңызды роль атқарады. Ол түйіндердің бірінде адам бойындағы қасиет сөз болса, бірінде жалпы адамзат қоғамы жайында пікір - тұжырым жасалады. Мысалға, бүкіл қазақ халқының тағдырындағы қиын бір кезеңді “Үлес” атты мысал өлеңнің түйінінде терең философиялық – ғибраттық мазмұнымен астарлай бере білген:

Ойласақ, уақиға емес болмайтұғын,  
Ел қайда өзін даудан қорғайтұғын?  
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,  
Адам аз алдан қарап болжайтұғын.  
Аңдысқан бірін-бірі жаудан жаман,  
Ойласам, ел белгісі оңбайтұғын.

“Қайыршы мен Қыдыр” мысалында Байтұрсынов түк көрмеген қайыршының, ақыр соңында көзі тоймай, қанағатсыз болғанын суреттейді. Бұрын қайыр тілеп жүргенін көріп жүретін қыдыр ата, оған алтын беріп байытпақшы болады.

“Көремін, дорбаң ескі нашар екен,  
Қызығып, қызармасын онша шекең.  
Алтынды қанша алсаң да аямаймын,

Бірақ бұл дорбаң сенің шыдар ма екен? ” –деп, Қыдыр ата ескертсе де, қайыршы алтынды салғыза береді сөйтіп, дорба сөгіліп, ақыр соңында, алтынның бәрі жерге төгіледі.

“Төгіліп алтын, болды тозаң мен шаң,  
Қайыршы аузын ашып, отыр аң-таң.

Табалап өзгелерді, е, қайыршым,  
“Қанағат етпеген соң,- деуші ең,- сазаң!”  
Аз байлық емес еді сенің де олжаң,

Қызығып, демегенде “жұрттан озам!” –деп, қайыршы әуелі басқаға неге байлықты үйіп-төгіп бергенін әуелі ойлап, тізбектесе, байлықты ұстап тұра алмағандық – қанағатсыздықтан келетінін Байтұрсынов осылайша орынды түйіндеген деп ойлаймыз. Халқымыз “қанағат қарын тойғызады” деп бекер айтпаған. Бай болу керек, себебі ол жақсы тұрмысты айқындайды, бірақ қанағат керек. Адам өз еңбегімен, тіршілігімен өзінің тұрмыс-жағдайын жақсартқанын ешкім де сөкпейді. Алайда береке-бірлік болмаған жерде байлық та жарасымсыз екенін ұмытпағанымыз жөн деген ойға Байтұрсыновтың осындай ғибрат аларлық философиялық тұжырымдары әкеледі.

XX ғасырды, әдетте, білім ғасыры деп атайды. Адам табиғаттан тыс өмір сүре алмайды, сондықтан адам білімді қажет етеді, сөтіп адам өзінің екінші табиғатын тәрбиелейді. Адам білім алу арқылы адамзат игілігіне қосылады, сондықтан білімнің мақсаты – адамгершілік дейміз. Білім үздіксіз дәрежеде берілетенін есепке алсақ, ол өзінің бастамасын балалық шақта бастап, қартайғанша адам білімін толықтыруға тырысады. Философия адамның алған білімін тұтас бір қалыпқа салады, әйтпесе ол шашырап кетеді. Қандай ел болсын өзінің білім беру жағдайына қанағатсыз болады, сондықтан білім берудің жаңа жолдарын, жаңа бағыттарын іздейді, сонда сөзіміздің түп төркіні білім алуды үлкен жауапкершілік деп түсінуде жатыр. Сондықтан қазақ философия тарихында А.Байтұрсыновтың білім философиясына қосқан үлесі зор деп толық айта аламыз.

Оқу-ағарту жұмысының жай-күйі, оның қазақ даласында ұйымдастырылуы мен міндеттері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, демократиялық көзқарастағы басқа да қайраткерлер шығармаларында салиқалы талданды. Бұл авторлар қазақ халқына сауатсыздық әкеліп отырған қиыншылықтарды – әлемдік өркениет жетістіктерінен шет қала бастағанын, ғылым мен техника табыстарын пайдалану мүмкіндігінен айрылғанын, өз құқықтарын қорғауда дәрменсіздігін, т.б. қадап-қадап көрсетті. Хат танымаушылықтың тууына басқа себеп ретінде мектеп ісіндегі деформацияларды түсінді. “Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрамыз –деп, жазды А. Байтұрсынов 1913 жылы. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші”.

Балаларға білім берудің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп болғандықтан, А.Байтұрсынов әр қазақтың, ең болмаса, бастауыш білім алуын аңсады. “Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек” –деген. Және де оқу білім ана тілінде үйретіліп, қазақ халқын өз дінінен, жазуынан айыруға болмайды деген пікірде болды. 1913 жылы жазылған “Қазақша оқу жайынан” деген мақаласында елдегі келеңсіз құбылыстар оқу-білімге келіп тірелетінін және көлденең тартады: “Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай, елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде судыдай әділдік жоқ, мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доқтырдай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз, халқымыз басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десек, болыстың да, билік те, халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі

түзелгенде оқумен түзеледі”. Әйткенмен, прогрессивті-демократиялық бағыттағы зиялылар сауатсыздықтың қайнар көзі отарлық қанауда, патшалықтың ұлттық және мәдени саясатында жатқанын ашып айта алмады. Жекелеген аймақтарда, болыстарда хат танымайтындар саны қанша екенін айтқанмен, бүкіл өлке бойынша қалыптасқан ахуалды саралауға бармады. Сөйте тұра осы әлеуметтік құбылыстың тамырларын, әкелер зиянын анықтауға, дұрыс түсінуге керекті ой түйіндер мен қағидалар баршылық. “Рухани мәдениеттің бір белгісі –деп, жазған екен Ә. Бөкейханов, – жұрт баласына жалпы оқу, газет, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу. Рухани мәдениет жолындағы алдыңғы басқыш – мектеп”.

Егемендігін білім мен тәрбие беру ісінде А.Байтұрсынов ұсынған пікір “ұлттық таным, ұлттық рухани сана қалыптастыру” – жалпы білім беретін қазақ оқу орындарында негізгі ұстаным болып табылады. Алтаевтың айтуы бойынша “біз түркілік төл дәстүрімізді сақтай отырып, ұлттық ойлау, ұлттық болмыс... ерекшеліктерімізді нығайта түсіп, қазақ философиясын... дамытуымыз керек –дейді. А.Байтұрсынов Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтардың қазақ қоғамының ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық тұрмысындағы өзгерістері нәтижесінде туған және сол кездегі қоғамдық сананың элементі ретіндегі ағартушылық қызметтерін дамытты. “Қазақстандағы идеология –деп, жазды О.А.Сегізбаев, “ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақтың қоғамдық санасының барлық сферасына өнімді әсер етті”. Біздің философиялық әдебиеттерде идеялары мен дүниетанымдары кең зерттеліп, зерделенген өзінің алдындағы ағартушылық ісі арқылы А. Байтұрсынов та халық арасында білімді насихаттау арқылы қоғамдық өмірді өзгертуге болады деп сенді. Әлемдік өркениетке тек ғылым мен білім арқылы жетуге болатынын түсінген А.Байтұрсынов насихат жұмыстарына көп көңіл бөлді.

Сонымен бірге орысша оқу мен жазуға үйретудің де маңызды екендігін айтады: “қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет”. Мектеп қажетіне мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының жетіспеушілігін және алдағы уақытта да жетіспеушілік күйде қала беретінін түсінген қазақ зиялылары ғасыр басында тығырықтан шығатын жол іздей бастады. А.Байтұрсыновтың пайымдауынша, оқу ағарту ісіне қаржыны бұқара халықтың өзі көтеруі қажет деп білді. 1913 жылы жарық көрген “Оқыту жайынан” деген мақаласында А.Байтұрсынов өз ойын былайша жеткізеді: “Әуелі тіреу-ақша, ол жұрттан шықпақ. Қазақ оқу керек екенін біле бастады, баласын оқытпайын деген қазақ жоқ”.

Осы мәселеге тоқтала кетсек. 1883 жылғы 17 желтоқсанда Ырғыз уезі бастығының Торғай облыстық әскери губернаторына орыс-қазақ мектептерін ұстауға халықтан қаражат жинау туралы рапорт жолдаған болатын. Онда көптеген болыстарда ақша жинау қиын екендігін айта келіп, Қарабұтақ бастауыш училищесін ашу мүмкін емес делінген. 1884 жылғы сәуірдің орта тұсында Торғай облысының вице-губернаторы В.Ф.Ильин деген чиновник болыстарға хат жолдап, Ы. Алтынсариннің халықтан қаржы жинау ісіне көмек көрсету туралы жазады. Арада 2 ай өткен соң Аралтөбе болысынан келіп жеткен жауапта тапсырма орындалмағаны өте сыпайы түрде айтылып, шығарып салма сөздермен қорытады: “мағлұмат беруді өтіндім, ... қазақтарды көндіруді ойлап отырмын, ... сіздің ой-мақсатыңызды, сонымен бірге үкіметтің де ісін жүзеге асыруға үмітімді жоғалтпаймын” –деп, көрсетсе, Ы.Алтынсариннің 1879 жылы Н.И.Ильминскийге жолдаған бір хатында болыстық мектептерді жақсы жолға қоюға қаражат жоқ екенін хабарлады, “көктем шыға мен бүкіл облысты аралап, елдің түкпір-

түкпіріне барып, маған бейтаныс ақсақалдармен танысып, оларды өз балаларын оқыту керектігі сияқты жұмысқа шақыру керек болып отыр” –деп, атап өтеді. Ол көбінесе нәтижесіз аяқталып жататын. XX ғасыр басында да сол нәтиже қайталана бастады. Сонымен қатар А.Байтұрсынов өз мақаласында ренішті көңіл-күйді айтады: “Бірақ жұрт баласын жұрттық қылып жұрт үстінен оқытатын дәрежеге қазақ әлі жеткен жоқ. Әркім өз баласының ғана оқығанын ойлайды. Әр баланың басын қасып құраса, бәрі жұрт баласы болатындығын, ол жұрт баласын оқыту жұрт міндеті екендігін айыратын ес қазаққа әлі кірген жоқ. Мұны білерлік қазаққа ес кіргенше оқудың ақша жақ тіреуі орнықты болмайды”.

Мемлекет қаржысынан мүлде үмітін үзген А.Байтұрсынов оқу ағарту ісіне ақша жинауды қалың көпшілік қолға алса, кімнің ақшасына оқығанын шәкірт те ұмытпайды деген тезисті алға қояды. “Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой” –деп, жаза отырады, А.Байтұрсынов 1913 жылы жазған “Орысша оқушылар” мақаласында “Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққан-қазына, қазынаға борыштымыз деп жүр. Жастарды оқыту расходынан қашып, қазынаға борышты қылып қойса, жастарда не жазық бар?” –деп, түйіндейді. Сөзсіз, бұл жерде А.Байтұрсыновқа уәж айтуға болар еді. Мысалы, жұрттан ақша жинап, жұрт баласын оқытам деу утопияға салыну екенін дәлелдеп немесе қазынаның қаржысы халықтан салық түрінде алынған қаржы екенін айту. Бірақ мәселе мұнда емес. А.Байтұрсынов жоғарыдағы жолдарды жазғанда бірен-саран ауқатты адамдар (Жетісуда-Мамановтар) өз жанынан ақша шығарып, зерек балаларды орысша, мұсылманша болсын, оқу оқып қайтуға жіберді. Мұндай бастама өзін ақтағаны да рас. А.Байтұрсынов осыны бүкілхалықтық іске айналдырғысы келді. Осындай ойдан келіп: “Баланы оқыту ата-анасына ауыр болғанмен, жұртқа жеңіл” –деген, тұжырым жасайды.

Байтұрсыновтың осындай ойлары Абай туралы жазған мақалаларында да орын алған. Ол қазақтың кең даласына Абай атын танытқан деп те айтуға болады. Бұл жерде “Қазақ” газетінің қызметін зерттегендердің кейбіреулері: “А.Байтұрсынов Абайдың өмірбаянын теріс жазған. Бұдан кейін осы газетте, Абайға арнап, ... мақала жазылды, бірақ мұнда да Абайға әділ, дұрыс баға берілмеді” –деп, жазғанын атап өту керек. Ал шындығында бұлай емес. А.Байтұрсынов “Қазақтың бас ақыны” атты мақаласында: “80-ші жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Олар орыстың атақты ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қара сөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевский барлығын, сөз сыншысы Белинский, Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген, олардың кітаптарымен таныстырған. Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз көрінсе, ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілікті қазақ ақындары, өлеңшілдері қайыршы, тілекшілік орынға жұмсамағанын өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен” –деп, жазады.

Орыс мәдениетінің Абай дүниетанымына тигізген прогрессшіл идеяларын айта келіп, Байтұрсынов: “Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек. Абайдың сөзін Семей ләпкесіне қамап, жасырып қоймай, кілі қазақ баласы бар уалаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан

келген кадарлы жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз” –деп, қорытады.

“Білім жарысы” деген еңбегінде Байтұрсынов қазақ болмысын білімді жұртпен салыстырып, қазақтың бекерге мал шашатынына күйінеді. “Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі, шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады” –деп, шашқан малына, шақырған кісісінің санына қарай тоғышар байларды бағалап жататынымызды сипаттайды. Осының бәрі қандай мақсатпен жасалады деген сауалға Байтұрсынов былай жауап береді: “Соның бәрі жұрт жиылып, бір-екі күн ішіп, жеп кету үшін істеледі. Не жұртқа келер онан пайда жоқ, не ас берушіге тиер сауап жоқ, құр далаға кеткен бір мал боладыда қалады”. “Атың шықпаса, жер өрте” дегендей қазақтың жомарттығына осылай сипаттама жасай отырып, Байтұрсынов осының бәрі “ат шаптырып, ас берді деген бес-он жылға ат” қалу үшін жасалатынын айтады. Ал білімді жұрт байлығына дарақыланып жарыспайды, білім саласындағы жетістігімен жарысады. Білімді жұрттың білім жарысы не үшін жүргізіледі деген сауалға Байтұрсынов: “Дүниядә күн көріп, тіршілік етудің ауырын жеңілту үшін, жеңілін рақатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, өнер - бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниядә бейнет кемімекші” –деп, түсіндіре отырып жауап береді. Сондықтан ғылымы мен өнерін биік шынға көтеру үшін Байтұрсынов білімге бетбұрыс жасаған жұрттың осы бағытта істейтін “істердің бірі – білім жарысы” –деп, үлгі-өнеге алып қызыға да қызғана айтады.

Қазақ байлары Европа байларындай бай ма? Әрине, жоқ. Қазақ өте тар ойлайтын халық. Байтұрсыновтың намысы келеді. Оны былай түсіндіреді: “Өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтар мен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. Отбасына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап, уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы отбасынан аспайды”. Ал ұлт намысын қазақтар екі ауылдың, екі таптың не екі рудың намысы деп түсінетінін айтып, Байтұрсынов халқымыздың бойындағы трайбализмді сипаттайды. Біреуді мұқатып, кегін алып, руға бөлінген қазақ байлары “білім бәйгесіне ақшасын Европа байларындай басы бүтін бере алмайды. Европаша істе деп айтуға аузымыз бара алмайды” деп Байтұрсынов шындықты бетке айта отырып, мынадай дұрыс ұсыныс алға тартады: “Қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын басы бүтін шығармасын өзіне қайтаратын етіп бәйгеге тіксің”. Ол үшін “кітаптарға бәйге тігілсе, ол бәйге нағыз жақсы шығарған ғана кітаптарға берілсе, тігілген бәйгеге қарай бәйге берілген кітапты бір я екі рет бай бастырып, ақшасын өндіріп алатын болса, сонан кейінгі бастырулары жазушының өз еркіне берілсе, осы шартпен білім жарысы істелсе, әуелі, бәйге тігуге жомарттық көп керек болмас еді: неге десен сынаудан өтіп, жақсы деп бәйге берілген кітап өтпей қалады деп қауышпенуге орын жоқ” –деп, Байтұрсыновтың тұжырымдауы әлі күнге дейін өзекті десек қателеспейміз. Дәл осы 1913 ж. Байтұрсынов “Білім жарысы хақында” деген мақаласында “Қазақ” газетінің 16-нөмірінде білім жарысы оқылса да, байлардың көңіліне тоқылған жоқ деп қорытынды жасай отырып, “Қазақтың” 22-нөмірінде ақсақал Ахмет ишан Оразаевтың басшылығына риза болып, білім жарысына бәйге тігемін деп жар шақырарлық кісі қазақта да бар екеніне қуанады, алайда Әлмен мырзаның айтуынша, білім жарысына

бәйге тігетін байлар жоқ, сондықтан “Қазақ” газетасы арқылы талапкерлер бір сомнан жинаса, сонда екі-үш жыл ішінде бірнеше мың сом болады деп тұжырымдайды.

“Туысыма” деген өлеңінде Байтұрсынов “Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса, Мал ғұрлы мағына жоқ тұрысыңда” –деп, кіріп жатқан кірісі, тауып жатқан пайдасы өзіне ғана арналып, өзінен аспай, жақынына көмегі болмаса, ол байлықтың мағынасыздығы екенін айтады.

Тағы бір айтып кететін нәрсе біз жоғарыда Байтұрсыновтың дүниетанымының қалыптасуына халық ауыз әдебиеті де үлкен әсер етті деп тұжырымдадық. Соның ішінде мораль философиясына жататын терме жөнінде Байтұрсынов “Әдебиет танытқышта” жақсы анықтама жасаған. “Терме деп ат қойылуының мәнісі - бұл түрлі шығармалар бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрғанда көп нәрсені теріп, сөз қылып өтеді. Көп нәрсені сөз қылғанда, әр қайсысына айналып, баяндап жатпайды. Түрлі шөптің басын шауып оттап, тоқталмастан, желге қарай тартып бара жатқан мал сияқты. Терме айтушылары түрлі нәрсені сөз қылып, бірақ ешқайсысына айналмастан, кідірместен, ілгері қарай сырғи береді” –деп, одан әрі мысалдар келтірген. Яғни, бұл жерде Байтұрсынов терме арқылы халықтың өмір, өлім, туыс-жекжат, өзі немесе өзге туралы толғаныстары мен күйзелістерін философиялық бере білгенін айтып отыр. Демек, терме өнері халқымыздың ойлау тәсілінің ерекшелігін білдіретін мәдени феномен. Осы тарихи мұраны болашақта диалектика мен таным теориясы тұрғысынан толдау халық игілігіне жарар еді.

Сонымен бірге Байтұрсынов өнердегі пікірсайыс – айтыс туралы да жазған. Айтыс – қазақ халқының көнеден келе жатқан философиялық дәстүрі. Оны өнер сайысында ұтымды қолданған қазақ халқы екенін мойындауымыз керек. Байтұрсынов “өлеңмен ғана айтысу айтыс деп аталады. ...Айтыс өлеңді сөз болған соң, оған ақындық керек. Ақындықтың үстіне әдіс керек” –деп, айтыстың анықтамасын береді. Ал айтыстың әлеумет алдында пайдасын Байтұрсынов былай көрсетеді: “Адамның, елдің, жұрттың басындағы келіссіз ғамалдарын, мінездерін айтып көрсету халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы тиетін дүние”. Сонымен бірге айтыста ұлттың, елдің мақсат-мүддесін бейнелейтін терең философиялық ойлар айтылады.

Сонымен, А.Байтұрсыновтың шығармаларындағы философиялық ойларды жүйелесек, ол ұлттық, мемлекеттік мәселелерді көтере отырып, адамға ғана тән ұлы мақсаттарды алға қоя білген деп ойлаймыз. Адамның да, қоғамның да мақсаты – адамның жайы. Оның материалдық, рухани мүдделері мен талаптарының қанағаттануына, өз басын қанау мен езгіден, басқаның үстемдігінен аман сақтап, еркін өмір сүруге адамның ішкі қабілеті мен дарындарын дер кезінде ашылуына жағдай жасап, адамға бақытты өмір орнату деген тұжырымдама жасауға Байтұрсыновтың шығармалары көмектеседі. Ал мұндай игі істерді жүзеге асыруға адамның өзі кіріспесе ештеңе шықпайды, сондықтан Байтұрсынов халықтың санасын оятуға, білім алуына көп еңбек сіңірді. Қазақстан жайында Байтұрсыновтың социализмді құптамауы үлкен көрегендік еді, себебі жеке адамға табыну етек алып, бұрмалаушылықтарға душар болып, табиғи тура жолдан ауытқулар болды. Осындай қырларымен Аханның шығармалары философиялық ойларымен дараланып, философия тарихына қосылған үлкен үлес екені дәлелденеді.

Қорытынды жасасақ, Ахмет Байтұрсыновтың дүниетанымының қалыптасуына қазақ ойшылдарының философиялық шығармаларының үлкен әсері болды. Қазақ халқының қарапайым ой-пікірлерінен бастап, қазақ фольклорынан философиялық деңгейге көтерілген Абай, Шәкәрім шығармашылығынан, орыстың мысал



философиясынан тағлым алып, Байтұрсыновтың өзінің де азаматтық тұлғасы қалыптасқан жылдары мемлекеттік қызметтерді атқаруы, алдыңғы қатарлы қазақ зиялы қауымымен етене араласып, қызметтес болуы, яғни тарихи әлеуметтік ортасы ұлт бостандығы мәселесімен айналысуды пешенесіне жазып, философия тарихында ғажайып еңбектерінің жазылуына себепші болды. Сөйтіп, А.Байтұрсынов адам, ұлт мәселесіне көп ден қойып, білім философиясына үлкен мән берді деп тұжырымдаймыз.

Ахмет Байтұрсынов әйгілі ғұламалар мен өнер классиктерінің (Федр, Лафонтен, Крылов, Абай т.б.) шығармаларын талдай оқып, танудың нәтижесінде олар көтерген проблемалары, салған дәстүрді, халқының ұлттық танымы мен психологиялық ерекшелігі тұрғысынан өнер құдіреті арқылы дамыта отырып, халық санасына оңды ықпал етудің тәсілдерін қарастырды. Оның негізгі көрінісі Байтұрсыновтың көп қырлы қасиетіне қоса ақындығынан да танылды.

Ахмет Байтұрсынов қоғам мен адам өмірі дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтарын тереңнен болжай отырып, ғылымның лингвистика, фольклористика, өнертану, әдебиеттану саласында түрлі теориялық тұжырымдар жасау арқылы осы саладағы ұлттық ғылымының негізін қалады, әлемге әйгілі теоретик дәрежесіне көтерілді. 1926 жылы шыққан “Әдебиет танытқыш” Байтұрсыновтың энциклопедиялық білімінің көрінісі болуымен бірге, бүкіл түркі әлемі мен елдер тарихында болмаған ерекше құбылыс еді.

### **Негізгі ұғымдар.**

Логикалық талдау, адам, қоғам, табиғат, экзистенциалды философия, философиялық антропология, натурализм мен позитивизм, тіл философиясы, ұлттық таным, ұлттық рухани сана, ұлттық ойлау, ұлттық болмыс, идеология.

### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары.**

1. А. Байтұрсынов шығармаларындағы философиялық антропология.
2. А. Байтұрсынов өмір сүрген кезең.
3. А. Байтұрсынов стиліндегі ғибраттық түйін.
4. А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовтардың демократиялық көзқарастары.
5. Орыс мәдениетінің А. Байтұрсынов дүниетанымына тигізген прогрессшіл идеялары.
6. Ахмет Байтұрсыновтың тіл философиясы.

### **Реферат тақырыптары.**

1. Ахмет Байтұрсынов шығармаларындағы логикалық-философиялық талдау.
2. Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі философиялық антропологияға.
3. Ахмет Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы”.
4. Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерінде әйелдер, махаббат, табиғат туралы мәселелері.
5. Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларындағы тіл философиясы.
6. Ахмет Байтұрсынов өлеңдерінде – экзистенциализм.
7. Ахмет Байтұрсынов шығармаларындағы философиялық-ғибраттық сарын.
8. Ахмет Байтұрсыновтың саяси-әлеуметтік көзқарастары.
9. Білім мен тәрбие беру ісінде Ахмет Байтұрсынов ұсынған пікір.
10. Ахмет Байтұрсынов қоғам мен адам өмірі дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтары.

## ҚОРЫТЫНДЫ

“Ақаң ұлт матбұғатының көзін ашпағанда, әлдеқашан ескі елдігімізден айырылып, қоңсы кент ағайындардың біріне табынып, таңбадан айырылып кететін едік. Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді ескерген адам болмай, қазақ құлшылыққа кең болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді...” –деп, жазылды “Ақ жол” газетінде Ақаң 50 жасқа толғанда. Шынында да, тілдің философиялық мәселелеріне өзінің ғылыми-теориялық еңбектерінде терең мән беріп, талдау жасап, қазақ тілінің құдіреттілігін көрсетті. Оның зерттеу нысанасы – әдеби шығармашылық, тілді және әдеби үрдістердің заңдылықтарын зерттеумен бірге, тілдің қалыптасу заңдылықтары мен қоғамдағы қызметі, тілдің қоғамдық өмірді ұйымдастыру мен адамдардың қызметіндегі ролін көрсету болды. Қазақ тілін, оның философиялық мәселелерін, даланың философиялық даналығын терең білгендіктен А.Байтұрсынов орыстың классикалық поэзиясы мен батыс поэзиясын мағынасына сай аударып, өз жанынан қазақ менталитетіне сай шумақтарды ұтымды түрде қоса білді.

Автор жазудың адамзат баласына ең қажет дүние екенін, оның қоғам дамуымен бірге дамып, түрлеп, жаңарып отыратындығын өз оқулықтарында қарапайым тілімен жеткізіп отырған.

Жазу – шын мәнісінде адам баласының ең ірі табыстарының бірі болуымен қатар, әр халықтың, әр адамның рухани байлығын, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін аса зор құбылыс. Оның осындай маңызын түсіне келіп, Ахмет Байтұрсынов “Айқап” журналында шыққан мақаласында былай дейді: “... Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты”.

“Ғалым жазудың адам өміріндегі орнын ерекше бағалай келіп, өзінің алғашқы оқу құралдарында былай дейді: ... Біздің заманымыз – жазу заманы. Жазумен сөйлеу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлеуге болмайды. Жазумен дүниенің бұ шетінен екінші шетіндегі адаммен сөйлесе аласың”.

Тілдің тұңғыық терең мәнін, тіл үрдісін, сөз өнерін философиялық тұрғыда зерттемес бұрын Ахмет Байтұрсынов ең әуелі табиғаттың заттық әлемі мен адам әлемі арасындағы қатынас туралы білім алу керек деген проблемалық мәселені қоюы әлі де өзекті мәселе деп ойлаймыз. Осы қойылған мәселе адамның мәнін, оның санасын, адамдық рухын жан-жақты терең зерттеуді талап етті. Абайдың, Шәкәрімнің философиясынан нәр алған А.Байтұрсынов рухты табиғаттан, сананы материядан, ойлауды болмыстан бөліп қарастырмайды, керісінше, осы күрделі мәселеге талдау жасағанда, материалистердің позициясын ұстайды.

Ал, өзінің көркемдік шығармашылығында А.Байтұрсынов архитектура, сурет, мүсін, музыка, әдебиет сияқты өнердің бес саласын бөліп алады, себебі олар қазақ халқының арасында кең тараған, сондықтан бұл жіктеуде театр, эстрада, кино сияқты өнер түрлері жоқ. А.Байтұрсыновтың философиялық тұжырымдамаларында сөз өнерінің философиясына ерекше мән берген әр сөз шығармашылығын жүйелегенде ақылға, қиялға, көңіл күйге ерекше назар аударған. Тіл философиясын сөздің көркемдік, эстетикалық жағына мән бере отырып ғылыми түрде анықтамалар жасаған. Сөз асыл болу үшін ондағы дыбыстардың үйлесімдігіне әрі бұл үйлесім объективті болатынына А.Байтұрсынов “Әдебиет танытқыш” еңбегінде дәлелдеген.

Орталық Азияға араб жазуы ислам дінінің енуімен бірге келді де, түрік тілдес халықтардың жазуы латын алфавитіне көшкенге дейін қолданылды. Араб жазуын қолданудың көп ғасыр бойғы үрдісі қарама-қайшылық туғызып, ол араб және түрік тілдеріне қатысты болып, ең алдымен, “әріп – фонема – фонемалардың позициялық түрлері – айтылу нормалары” өзара қатынасында болды және сингармоникалық тілдің ерекшелігіне қатысты араб графикасын өзгертілмегенімен байланысты болды. Осыған байланысты Байтұрсынов 1912 ж. арабстанға қазақ жазуында таңбалардың нақты графикалық жүйесі жоқ екенін көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынов тілдің даму тұжырымдамасын жасай отырып, араб алфавиті негізінде қазақ тілі алфавитін нығайтуы үлкен ғылыми жаңалық еді, сөйтіп қазақ халқының тіл мәдениетінің сара жолын ашты. Ол Батыстың семантикалық және лингвистикалық философиясы қойған мәселелерді қазақ тілінің негізінде шеше білді, басқа елден көшірген жоқ.

Байтұрсыновтың ерекше ынта қояр әрекет өрісі – әдеби шығармашылық, тілді және әдеби процестердің заңдылықтарын зерттеу, сөздің қалыптасу заңдылықтары және оның қоғамдағы қызметі, сөздің адамдардың қоғамдық өмірі мен қызметін ұйымдастырудағы ролі. Ол орыстың классикалық поэзиясын және батыс поэзиясын қазақ тіліне аударған көрнекті аудармашы, жазушы, публицист ретінде және мерзімді баспасөзде қазақ тілінде ұйымдастырушылардың бірі ретінде қазақтың рухани мәдениетінің тарихына енген. Оның шығармашылық мұраларында қазақ тілін теориялық тұрғыда талдау және әдеби шығармашылықтың заң, қағидаларының ерекшеліктеріне арналған тамаша ғылыми зерттеулері сақталған. Ол ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың қазақтардың ауызекі сөз өнері, халық ауыз әдебиетінің мазмұны, жанрлары, маңызы мен тұлғалары туралы зерттеулерін байыпты түрде қарастыруды тереңдете қолға алған. Қазақтың ауызекі халық творчествосы оған халықтың ерекше дарынды әдеби қайраткерлері арасында өткен әдеби процестерді зерттеуге аяқ басуына бұдан былайғы уақытта жалпы заңдылықтарын, ерекшеліктерін анағұрлым мазмұнды сипаттауға, негіздеуге мүмкіндік береді. Осының өзі оның бұдан былайғы жерде жаңа бастап жүрген әдебиетті, қалам қайраткерлеріне көркем әдебиет шығармашылығы әлеміне еркін еніп, аяқ басуына көмек бере алатындай әдеби еңбектерінің кейбір жалпы нормалары мен ережелерін тұжырымдап, негіздеуге батыл түрде кірісуіне жағдай туғызады.

Әлбетте, әдебиет тарихына, тілді дамыту жөніндегі заң қағидаларына, жазушы тілмен білдірілетін өнерге теориялық талдау жасау оның алдында сөздің философиясы, сөз тудыру, тіл және оның адамдық болмыс түрлерін ұйымдастырудағы қызметі мен мағынасы сияқты бірқатар күрделі мәселелерді шешу талабын тудырды.

Сонымен бірге Ахмет Байтұрсынов патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы халықтың санасын ояту үшін көп еңбек сіңірді, бар ғұмырын соған арнады. Надандықпен, қараңғылықпен күресіп, осы жолда қуғын-сүргінге де түсті, түрмеге де қамалды, бірақ жасымады. Ұлт ұстазы болып, жас ұрпақтың көзін ашты, газет шығарып, ұйқыдағы халқын оятты, замана аңғарын түсіндірді, өлең жазып, өзінің мақсат-мүддесін елге танытты, түрлі қызмет істеп үлгі-өнеге көрсетті. А.Байтұрсынов өзі атқарған үлкенді-кішілі қызметті де, сабақ берген мектепті де, мақаласы мен өлеңдерін шығарған баспа орындарында да халқына қалтқысыз қызмет етудегі өз идеясын, өз саясатын жүзеге асырудың құралы етті.

Ахмет Байтұрсынов орыстың мысал өлеңдерін сөзбе-сөз аударған жоқ, оларды қазақ менталитетіне лайықтап, мағыналы түрде аударма жасап, ғибрат философиясын, мысал философиясын қазақ философия тарихына қосты.

Кеңестік жүйе ұлт санасы оянуын қалай болғанда да тежейміз деп тырысқанымен өз дегендеріне жете алмады. Сыртқы әлемге социализм басымдығын пайымдатуды ғана мақсат тұтқан тоталитарлық жүйе ұлт санасын сәулелендіріп алғанын өздеріде сезген жоқ. Әлемдік өркениет көшіне ілескен, рухани өмірі барынша кемелденген ұлт қанша тепкі көрсе де, саналы әрі асыл болғандықтан, өктем күштің ықпалына бой алдыра қойған жоқ.

Міржақып Дулатов өзінің үзенгілес серігі Ахмет Байтұрсынов туралы былай деп жырлаған:

Жау жүрек қыран көзді арыстаным,  
Жан қиын халық үшін қарысқаның.  
Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа,  
Бәйгеге ұлы дүбір жарысқаның!.

Міржақып Дулатов Ахмет Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін, күрескерлігін, ауыр тағдырын осы төрт жолға сыйғызып тұр.

Байтұрсынов пен оның шығармашылық мұрасы 1988 ж. аяғына дейін бізге белгісіз болып, тыйым салынып келген болатын. Өз отанында репрессияға ұшыраған Байтұрсынов ХХ ғасырдың тамаша лингвисті ретінде Қытайда, Монғолияда, Түркияда, Германияның, АҚШ-ң жеке ғалымдарының еңбектерінде белгілі, танымал болды. Реабилитацияланғаннан кейін Байтұрсынов туралы негізінен қазақ тілінде көптеген еңбектер жазылды.

Байтұрсынов шығармашылығының философиялық ой-толғамдары адамның санасы, тіл, сөз өнерінің тұңғыш тереңіне үкілу болды. Оның еркіндік пен тәуелсіздік, білімділік пен сана-сезімнің жоғары болуы бағытында жазылған еңбектері туған халқына деген махаббаттан, өз елінің тәуелсіз болып, алдыңғы қатарлы ел болсын деген тілектен туғанын аңғарамыз. Байтұрсыновтың еңбектерінің ХХ ғ. басындағы қазақ халқының қоғамдық санасын, болмысын көрсетумен ғана емес, бүгінгі ұрпақ үшін дүниетанымдық жағынан өзекті мәселе болып, маңызын жойған жоқ деп пайымдаймыз. Өз халқына шын пейілімен жаны ашыған Байтұрсынов елінің көштен қалмауын ойлады. Осы жағынан Гегельдің пікірімен сабақтас келеді. Гегель тек өзіндік санасы оянған, ұлттық мүддесін ту етіп көтерген халық қана тарих көшіне ілесе алады деген болатын.

Елде болып жатқан тарихи мүмкіндіктерді халқымыздың игілігіне пайдалануға, соған жаратуды мақсат еткен зиялы қауым саяси күрестің барлық әдістерін ғылыми, публицистикалық, көркем-әдеби шығармашылықпен ұштастырып, ұтымды шешімдер жасады. Байтұрсынов шығармаларында жеке адамның мұң-мұқтажы, арманы сомдалып, тұтас халықтың ұлттық идеясына дейін көтерілді. Әр адамның қажеттілігі ұлт қажеттілігімен ұштасты. Әрине бұқара халықтың бәрі мұны саналы түрде түсінді деу қиын. Абайдың өзі “көпте ақыл жоқ, ебін тап та, жөнге сал” деуі сондықтан, ғылыми тілмен айтқанда, бұл-көнілде жүрген көмескі саналылық ұмтылыс болып табылады. Адам табиғатын құлдық жат нәрсе, еркіндікке ұмтылу оның болмысымен етене қайнасады. Еркіндік, бостандық адамның мәндік сипаты болып табылады. Сондықтан жүрегі елім деп соққан, көкірегі ояу әрбір азамат бостандықты өмірден биік қояды.

Байтұрсынов өз шығармашылығында бостандықтың осы болмыстық-субстанциялық негізіне мән береді. Бостандықтың субстанциялық негізі деп отырғанымыз бұл жерде ұлттық ерік-жігер, ар-намыс, ұлттық сана. Демек, Байтұрсыновтың арман-мақсаты – ғасырлар бойы аяқ асты болып жаншылып келген ұлттық сезім мен сананы ояту болды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 1999.
2. Абдильдин Ж.М., Орынбеков М.С. К научному познанию реалий. // Мысль. 1992. –№ 1.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының заңы // Егемен Қазақстан. –1997. –15 шілде.
4. Сейфуллин Сәкен. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Еңбекші қазақ. –1923. –19 январь.
5. Назарбаев Н.Ә. // Егемен Қазақстан. –2003. –5 сәуір.
6. Байтұрсынов А. Ақ жол. –Алматы: Жалын, 1991.
7. ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫН. 37-де апат болғандар // Құрастырғандар Қасенов Қ., Төреханов Ә. – Алматы: Қазақстан, 1994.
8. Байтұрсынов А. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1989.
9. Есімов Ғ.Е. Хакім Абай. –Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.
10. Қабдолов З. Ахмет һәм әдебиеттің әліп-биі // Қазақ әдебиеті. 1990. –20 шілде.
11. Шүкірұлы С. Қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 130 жыл // Ана тілі. –2003. –30 қаңтар.
12. Құдайберді Шәкәрім. Үш анық. –Алматы: Қазақстан, 1991.
13. Қазақ газеті // Бас редактор Ә. Нысанбаев. –Алматы: Қазақ энциклопедия, 1998.
14. Каримский А.М. Философия истории Гегеля. –Москва: МГУ, 1988.
15. Дулатұлы Міржақып. Оян, қазақ! // Құраст. М. Әбсеметов. –Алматы: Н.Б.–Пресс–Алтын-Орда, 1991.
16. Әбдіманов Ә. Қазақ газеті. –Алматы: Қазақстан, 1993.
17. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. –Алматы: Ататек, 1995.
18. Тойнби Дж. Постигение истории. –Москва: Прогресс, 1992.
19. Ахмет Байтұрсынов арызы // Известия киргизского края. –1920. –15 апрель.
20. Шәмшәтұлы И. Азаматтықты армандаған Ахаң еді // Ана тілі. –1998. –24 қыркүйек.
21. Сегизбаев О.А. Казахская философия ХУ -начала ХХ века. –Алматы: Ғылым, 1996.
22. Аристотель. Сочинения в 4 томах // Пер. с древнегреч.; Общ. ред. А.И. Доватура. – Москва: Мысль, Том 4. 1984. –830 с.
23. Гумбольдт. Язык и философия культуры. –Москва: Прогресс, 1985.
24. Белинский В.Г. Собрание сочинение в 3 томах. Статьи и рецензий. 1841-1845. // Под общ. ред. Ф.М. Головенченко. –Москва: Гос.Изд.Худ.Лит., Том 2. 1948.
25. Левин И. Свод таджикского фольклора. –Москва: Наука, Том 1. 1981.
26. Шаңбаев Т. Мысал жанрының стилі мен тілі: Философия ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. –Алматы, 1993.
27. Мұқаметханов Қ. Ахмет Байтұрсынов // Семей таңы. –1989. –6 қаңтар.
28. Бөкейханов Ә. Шығармалар. –Алматы: Қазақстан, 1994.
29. Алтаев Ж. Фольклордың дүниетанымдық негіздері. // КазМУ Хабаршы. Философия сериясы. 2-басылымы. –1994.
30. Сегизбаев О.А., Бурабаев М.С. Идеиные связи общественно-философской мысли Казахстана и России (вторая половина ХУІІІ – начало ХХ в.). –Алма-Ата: Наука, 1987.
31. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. / Пед. ғылымдарының Ү.Алтынсарин атын. ғыл.-зерттеу ин-ты; // Құраст. С. Қалиев ж. б. –Алматы: Рауан, 1991.

32. Жиренчин А. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. –Алматы: Қазмембас, 1959.
33. Нысанбаев Ә.Н. Қазақ философиясы. –Алматы. 1999.
34. Лебедев М.В. Философия языка на фоне развития философии. [www. philosophy. ru /librori/misc/disKurs/lebe...](http://www.philosophy.ru/librori/misc/disKurs/lebe...)
35. Касымжанов А.Х., Касымжанова С.А. Духовное наследие казахского народа. – Алма-Ата: 1991.
36. Дулатов М. Тіл-құралы. Қазақ тілінің сарфы. // Шығарушы А.Байтұрсынов Қазақ. – 1915. –4 қаңтар.
37. Қордабаев Т.Р. Қазақ тіл жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. (Жауапты редактор проф. Б.Әбілқасымов) –Алматы: Ғылым, 1993.
38. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. –Алматы: Қазақ ССР білім қоғамы, 1990.
39. Джунусов М. Фонемография А.Байтұрсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: Узбекистан, 1995.

## М А З М Ұ Н Ы

АЛҒЫ СӨЗ .....	3
1.А.Байтұрсынов дүниетанымының қайнар көздері .....	5
2.Жазушының философиялық, саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен тарихи әлеуметтік орта .....	18
3.А.Байтұрсыновтың философиялық көзқарастарының әдеби шығармаларындағы көріністері .....	30
ҚОРЫТЫНДЫ .....	42
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....	47







Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 51бет 4,25 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 27 ш/а.